ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 4 маусым №312 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 325 қаулысына

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., №27-28, 168-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларында:

4-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарынан қираған тұрғын үй құрылысына Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерінен қаражат бөлінген жағдайда жергілікті атқарушы органдар облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің осы мәселеге жетекшілік ететін орынбасары қол қойған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тұрғын үйі авариялық деп танылған зардап шеккен азаматтардың тізімін ұсынады.

Зардап шеккен азаматтардың тізімін заңнамада белгіленген тәртіппен растаушы құжаттардың негізінде жергілікті атқарушы органдар қалыптастырады.»;

10-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын: «Қазақстан Республикасының аумағындағы экологиялық зілзалалар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйі тұруға жарамсыз болып қалған азаматтарға өтеусіз негізде беру үшін тұрғын үй мемлекеттік тұрғын үй қорына сатып алынған жағдайда, төтенше жағдайдың тиісті түрі саласындағы орталық уәкілетті орган ақша бөлу туралы шешім жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне заңнамада белгіленген тәртіппен енгізеді.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 4 маусым №320 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы №353 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің кейбір мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 16 маусымдағы №353 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2016 ж., №36, 209-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«17) өз құзыреті шегінде телерадио хабарларын тарату саласындағы нормативтік құқықтық және нормативтік техникалық актілерді, оның ішінде телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;»;

28) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«28) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру қағидаларын бекіту;»;

32-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«32-1) бюджеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша республикалық бюджет есебінен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 32-3), 32-4), 32-5) және 32-6) тармақшалармен толықтырылсын:

«32-3) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлға (бөлімше) туралы үлгілік ережені бекіту;

32-4) бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі уәкілетті тұлғаның (бөлімшенің) уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау қағидаларын бекіту;

32-5) белгілі бір аумақта халықтың тіршілік ету жағдайлары бұзылған кезде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми хабарларды беру қағидаларын бекіту;

32-6) цифрлық эфирлік телерадио хабарларын таратуға көшу тәртібі мен мерзімдерін айқындау;»;

39) және 40) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«39) өз құзыреті шегінде байланыс саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, оның ішінде радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын бекіту;

40) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдарын пайдалану қағидаларын бекіту;»;

61) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 88-1) тармақшамен толықтырылсын:

«88-1) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын куәландырушы орталықтарды аккредиттеу;»;

89), 93) және 94) тармақшалар алып тасталсын;

98-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«98-1) ұялы байланыстың абоненттік құрылғыларын тіркеу қағидаларын бекіту;»;

101) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«101) Қазақстан Республикасының сенім білдірілген үшінші тарапының электрондық цифрлық қолтаңбаның төлнұсқалығын растау қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 101-1) тармақшамен толықтырылсын:

«101-1) Қазақстан Республикасының негізгі куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының куәландырушы орталығының, Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының және Қазақстан Республикасы сенім білдірілген үшінші тарапының қызмет үйлестіруді жүзеге асыру;»;

108) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«108) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша ақпараттық жүйелердің аудитін жүргізу қағидаларын бекіту;»;

109) тармақша алап тасталсын;

118) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«118) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша «электрондық үкіметтің» архитектурасын дамыту жөніндегі талаптарды бекіту;»;

120) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«120) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларын бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 120-1) тармақшамен толықтырылсын:

«120-1) «электрондық үкіметтің» сыртқы шлюзінің жұмыс істеу қағидаларын және оған қойылатын техникалық талаптарды бекіту;»;

125) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«125) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша «электрондық әкімдіктің» үлгілік архитектурасын бекіту;»;

128) және 129) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«128) бюджетті жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдар үшін ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметтердің құнын есептеу әдістемесін бекіту;

129) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 129-1) тармақшамен толықтырылсын:

«129-1) электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу;»;

136) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«136) «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторы әзірлеген ақпараттық-коммуникациялық көрсетілетін қызметті жобалауға арналған тапсырманы бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 136-1) және 136-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«136-1) ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуына мониторингі, сондай-ақ мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыру кезеңінде міндеттемелердің орындалуына мониторингі жүзеге асыру;

136-2) ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қоспағанда, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасына, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасына бизнес-жоспарға салалық қорытынды беру;»;

137) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«137) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін және сервистік бағдарламалық өнімдерді құру немесе дамыту кезінде стандартты шешімдер ретінде көп рет пайдалануға жататын ақпараттық жүйелердің (немесе олардың бөліктерінің) тізбесін бекіту;»;

мынадай мазмұндағы 137-1) тармақшамен толықтырылсын:

«137-1) сервистік интегратор қалыптастырған ақпараттандырудың сервистік моделі жөніндегі мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін келісуді жүзеге асыру;»;

142) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«142) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды жасау және қарау қағидаларын бекіту;»;

151) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«151) мемлекеттік заңды тұлғалардың ақпараттық жүйелерін және мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді құруға немесе дамытуға арналған техникалық тапсырмаларды келісу;»;

184) тармақша алып тасталсын;

17-тармақта:

17) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«18) мерзімді баспасөз басылымдарының міндетті тегін даналарының электрондық архивін қалыптастыру;»;

мынадай мазмұндағы 29-1), 33-1) және 35-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«29-1) Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде ұйғарымдар беру;

«33-1) Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде ұйғарымдар беру;»;

«35-1) радиоәуесқойлық қызметтердің радиоэлектрондық құралдары мен жоғары жиілікті құрылғыларын қоса алғанда, радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарламаларды қабылдау;»;

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«36) Қазақстан Республикасының аумағында азаматтық мақсаттағы радиоэлектрондық құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар үшін радиожиілік спектрін пайдалануға рұқсаттар беру;»;

44) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«44) азаматтық пайдаланушыларға жиіліктер белдеуін, радиожиілікті (радиожиілік арнасын) бөлу, иелікке беру (тағайындау), шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру;»;

46) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«46) радиоэлектрондық құралдарды және (немесе) жоғары жиілікті құрылғыларды пайдаланудың басталғаны туралы хабарлама болмаған және (немесе) техникалық сипаттамалары белгіленген нормаларға сәйкес келмеген жағдайда, радиоэлектрондық құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды өшіру;»;

мынадай мазмұндағы 74-1) тармақшамен толықтырылсын:

«74-1) Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының талаптарын бұзушылық анықталған кезде ұйғарым беру;»;

79) және 80) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 80-1) және 85-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«80-1) мемлекеттік органдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану жөніндегі қызметінің тиімділігін бағалау;»;

«85-1) Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасының талаптарын бұзушылықтар анықталған кезде ұйғарымдар беру;»;

88-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«88-1) радиоэлектрондық құралдарды, жоғары жиілікті құрылғыларды пайдалану, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының аумағына әкелу қағидаларын және байланыс қызметтерін көрсету қағидаларын әзірлеу;».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 4 маусым №323 Астана, Үкімет Үйі

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидаларын бекіту туралы

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 22-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ**

*Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2018 жылғы 4 маусымдағы №323 қаулысымен бекітілген*

Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына түсетін түсімдердің қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 22-бабы 2-тармағының 3-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысымен айқындалған бәсекелес ортаға беру ұсынылатын заңды тұлғалардың тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бойынша ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына (бұдан әрі – Ұлттық қор) түсетін түсімдердің тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар: компаниялардың активтері – тізбеде көрсетілген ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтері;

мемлекет тікелей қатысатын компаниялар – Қазақстан Республикасының Үкіметі не Қазақстан Республикасының Үкіметі уәкілеттік берген мемлекеттік орган, жергілікті атқарушы орган мемлекеттің атынан жалғыз акционері болып табылатын компаниялар;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган – стратегиялық және экономикалық жоспарлау, бюджет саясатын әзірлеу және қалыптастыру саласындағы, сондай-ақ өңірлік даму саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

2тарау. Компаниялардың активтерін бәсекелес ортаға беруден Ұлттық қорға түсетін қаражат түсімдерінің тәртібі

3. Мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін қаражатты Ұлттық қорға жіберу жария орналастыру шеңберінде компаниялар акцияларының қосымша эмиссиясы нәтижесінде түскен қаражатты қоспағанда:

1) мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың таза кірісі есебінен түсетін түсімдер:

2) Ұлттық қор алдындағы міндеттемелерді өтеу ретінде жүзеге асырылады.

4. Мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың таза кірісін бөлуді және Ұлттық қорға жіберілетін қаражат мөлшерін бекітуді ішкі корпоративтік рәсімдер шеңберінде мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың жалғыз акционері жүзеге асырады.

Тізбеде көрсетілген компаниялардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін қаражат есебінен Ұлттық қор алдындағы өтелетін міндеттемелер мөлшерін бекітуді ішкі корпоративтік рәсімдер шеңберінде мемлекет тікелей қатысатын компанияның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

5. «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы», «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы», «Самұрық-Энерго» акционерлік қоғамдарының активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін қаражат есебінен Ұлттық қорға аударылатын қаражат мөлшері Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияның шешіміне сәйкес сыртқы борышты өтеу үшін қажет сомаға түзетіледі.

6. Мемлекет тікелей қатысатын компаниялар тиісті қаржы жылы аяқталғаннан кейінгі бесінші айдан кешіктірілмейтін мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға:

1) әрбір ұйым бөлінісінде, оның ішінде мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың өздерінің активтерін сатудан түскен іс жүзіндегі түсімдерінің мөлшері туралы есепті кезеңдегі ақпаратты;

2) егер актив қаражатты бөліп төлеу шартымен сатылған болса, тізбеде көрсетілген компаниялардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін қаражат түсімдерінің кестелерін ұсынады.

7. Мемлекет тікелей қатысатын компаниялар мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың таза кірісі есебінен түсетін түсімдер ретінде Ұлттық қорға аударатын қаражат Бірыңғай бюджеттік сыныптаманың тиісті коды бойынша жалғыз акционердің шешімі негізінде қолма қол ақшасыз нысанда аударылады.

8. Мемлекет тікелей қатысатын компаниялар Ұлттық қор алдындағы міндеттемелерді өтеуге жолдайтын қаражат мемлекет тікелей қатысатын компаниялардың директорлар кеңесінің шешімі негізінде облигацияларды шығару проспектісінің шарттарына сәйкес аударылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2018 жылғы 7 маусым №330 Астана, Үкімет Үйі

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2015 ж., №27-28, 168-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидалары: мынадай мазмұндағы 18-1-тармақпен толықтырылсын:

«18-1. Қазақстан Республикасының тауар нысанында ресми гуманитарлық көмек көрсетуі үшін ұсынылған тауарларды тасымалдау бойынша көлік ұйымдарының шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының ресми гуманитарлық көмек көрсетуі туралы шешім қабылдаған күннен бастап он сегіз ай ішінде жүзеге асырылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі Б.САҒЫНТАЕВ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 3 мамыр №11-1-4/166 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесі;

2) Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2017 жылғы 23 қыркүйектегі №11-1-2/440 бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5874 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 23 қазанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Кадрлар басқармасы:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткізгеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күн ішінде мерзімдік баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықтың ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Сыртқы істер министрі Қ.ӘБДІРАХМАНОВ**

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің
2018 жылғы 3 мамырдағы №11-1-4/166 бұйрығына 1-қосымша*

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – «Б» корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына «А» корпусы қызметшісінің келісіміне немесе «Б» корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, «Б» корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – «Б» корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – «Б» корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы.

3. «Б» корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын анықтау үшін жүргізіледі.

4 «Б» корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде «Б» корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кірісеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) Бағалау жөніндегі комиссия құрады, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің Кадрлар басқармасы (бұдан әрі – Кадрлар басқармасы) оның жұмыс органы болып табылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

1) НМИ жетістіктерін бағалау;

2) «Б» корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері «Б» корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар Кадрлар басқармасында бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тарау. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде «Б» корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИғ тікелей басшымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің (бұдан әрі – Министрліктің) стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын немесе «А» корпусы қызметшісінің келісімін жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары Кадрлар басқармасында сақталады.

3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша тікелей басшы бағалауға жататын «Б» корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парағын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіпте жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда «өте жақсы» баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда «тиімді» баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда «қанағаттанарлық» баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парағы тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі болған жағдайда бағалау парағы оның қарауына енгізіледі.

21. «Б» корпусы қызметшісінің бағалау парағын қарау қорытындысы бойынша жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парағы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парағын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Жоғары тұрған басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін Кадрлар басқармасы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парағы толтырылады.

26. Бағалау парағын толтыру барысында әр құзырет бойынша «Б» корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда «күтілген нәтижеге сәйкес» бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша «күтілген нәтижеге сәйкес емес» бағасы қойылады.

28. Тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін Кадрлар басқармасы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Кадрлар басқармасы Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы Кадрлар басқармасының қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Кадрлар басқармасы Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Кадрлар басқармасы Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын.

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың «Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)» графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері Министрліктің Жауапты хатшысымен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Кадрлар басқармасы «Б» корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. «Б» корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, Кадрлар басқармасы және Министрліктің басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

42. «Б» корпусы қызметшісінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда Кадрлар басқармасымен «Б» корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесі мемлекеттік органдардың интранет-порталы арқылы жолданады.

43. «Б» корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) Министрлікке Комиссия шешімін жойып, «Б» корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) «Б» корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. «Б» корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне
1-қосымша*

Нысан

«БЕКІТЕМІН»
Жоғары тұрған басшы
____
(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні ______________________
қолы ______________________

«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

______________________ жыл
(*жеке жоспар құрастырылатын кезең*)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
____
Қызметшінің лауазымы: ______________________
Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: ______________________

№	Нысаналы мақсатты индикаторлардың атауы	Саяси мемлекеттік қызметші меморандумының немесе «А» корпусы қызметшісі келісімінің қай көрсеткішінен немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер

Қызметші ______________________ (тегі, аты-жөні) күні ______________________ қолы ______________________	Тікелей басшы ______________________ (тегі, аты-жөні) күні ______________________ қолы ______________________

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне
2-қосымша*

«БЕКІТЕМІН»
Жоғары тұрған басшы
____
(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні ______________________
қолы ______________________

Нысан

НМИ бойынша бағалау парағы

____
(Тегі, аты-жөні, бағаланатын тұлғаның лауазымы)
____
(бағаланатын кезең)

№	Нысаналы мақсатты индикаторлардың атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол жетті/көрсеткішке қол жетпеді

Бағалау нәтижесі ______________________
(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші ______________________ (тегі, аты-жөні) күні ______________________ қолы ______________________	Тікелей басшы ______________________ (тегі, аты-жөні) күні ______________________ қолы ______________________

*Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының
мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне
3-қосымша*

Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парағы ______________ жыл
(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
____
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: ______________________
Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:
____

№	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаған мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері «Қызметті тұтынушыға бағдарлану» және «Қызметті тұтынушыларды хабарландыру” құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші ______________________ (тегі, аты-жөні) күні ______________________ қолы ______________________	Тікелей басшы ______________________ (тегі, аты-жөні) күні ______________________ қолы ______________________

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 4-қосымша

Нысан

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
ҚЫЗМЕТТІК БАСҚАРУ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қояды және тапсырмалар береді; • Бөлімшенің берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттайды және жағдай жасайды; • Бөлімше жұмысын басымдылығына қарай тиімді ұйымдастырады	• Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қоя алмайды және тапсырмалар бере алмайды; • Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды; • Бөлімше жұмысын басымдылығына мән бермей тиімсіз ұйымдастырады
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдайды және басшылыққа енгізеді; • Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарлайды және ұйымдастырады, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етеді; • Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуы барысындағы қызметіне бақылау жүргізеді; • Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етеді	• Бөлімшенің қызметін жоспарлау мен қамтамасыз етуге қажетті ақпараттарды жинақтап, талдамайды және басшылыққа енгізбейді; • Сеніп тапсырылған ұжымның жұмысын жоспарламайды және ұйымдастырмайды, олардың жоспарланған нәтижелерге қол жеткізуіне ықпал етпейді; • Қызметкерлердің қойылған міндеттердің орындалуына бақылау жүргізбейді; • Бөлімше жұмысының нәтижелелілігін және сапасын қамтамасыз етпейді
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды; • Басшылыққа сапалы құжаттар дайындайды және енгізеді; • Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; • Белгіленген мерзімдерді сақтайды	• Тапсырмаларды жүйесіз орындайды; • Сапасыз құжаттар әзірлейді; • Жедел жұмыс жасамайды; • Белгіленген мерзімдерді сақтамайды
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды; • Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; • Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге қол жеткізеді	• Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды; • Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін кейбір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; • Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге қол жеткізбейді
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Ұжымда сенімді қарым-қатынас орнатады; • Бөлімшенің қоғаммен тиімді жұмысын ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасайды; • Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліседі; • Әрқайсысының нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтайды	• Ұжымда өзара сенімсіз қарым-қатынас орнатады; • Бөлімше және қоғаммен тиімді жұмыс ұйымдастыру бойынша ұсыныс жасамайды; • Бірлесіп жұмыс атқару үшін әріптестерімен тәжірибесімен және білімімен бөліспейді; • Бағыныстағы тұлғалардың нәтижеге жетуге қосқан үлесін анықтамайды
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді; • Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады; • Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындайды	• Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді; • Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді; • Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Міндеттерді дұрыс бөле алады; Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер туралы хабарлайды; • Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды; • Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды; • Жеке тәжірибесіне, басқа да маңызды болып табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды	• Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды; • Орын алуы мүмкін қауіптер туралы хабарламайды; • Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды; • Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды; • Шешім қабылдау барысында тек өзінің жеке тәжірибесіне және көзқарасына сенеді.
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алады; • Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды ұйымдастырады; • Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылайды; Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескере отырып, мүмкін болатын қауіптерді талдайды және болжамдайды; • Мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескере отырып, құзыреті шегінде шешім қабылдайды	• Бөлімше қызметін ұйымдастыруда тапсырмаларды дұрыс бөле алмайды; • Шешім қабылдауда қажетті ақпараттарды жинауды сирек ұйымдастырады; • Шешім қабылдаудағы тәсілдерді ұжыммен талқылаудан бас тартады және басқалардың пікірін ескермейді; • Әртүрлі дереккөздерден алынған мағлұматтарды ескермейді, мүмкін болатын қауіптерді талдамайды және болжамайды; • Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер мен салдарларды ескермейді
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Қажетті мәліметтерді таба алады; • Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; • Өзінің пікірін негіздей алады	• Қажетті мәліметтерді таба алмайды; • Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; • Негізсіз пікір білдіреді
ҚЫЗМЕТТІ ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер қоя алады; • Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі; • Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділілігін қамтамасыз етеді; • Қызмет тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізеді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады	• Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер қоя алады; • Қызмет көрсетудің әдістері туралы шала-шарпы біледі; • Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділілігін қамтамасыз етпейді; • Көрсетілетін қызмет бойынша тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырмайды
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және туындаған мәселелерді шешеді; • Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасайды; • Қызмет көрсетудің сапасын бақылайды, сондай-ақ жеке үлгі болу арқылы көрсетеді	• Сапалы қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырмайды және туындаған мәселелерді шешпейді; • Кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында қанағаттанушылық дейгейін анықтауға жағдай жасамайды; • Сапасыз қызмет көрсетуге жол береді, қызықпаушылық білдіреді
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Сыпайы және тілектестікпен қызмет көрсетеді; • Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; • Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді	• Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді; • Тұтынушының сұрақтары мен мәселелеріне мән бермейді; • Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды

(Жалғасы 18-бетте)

(Жалғасы. Басы 17-бетте)

ҚЫЗМЕТТІ ТҰТЫНУШЫҒА АҚПАРАТТАНДЫРУ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндіреді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімді тәсілін құрастырады	• Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін құрастырады
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Бағыныстағыларды қызмет алушыларды қолжетімді ақпараттандыруға бағдарлайды; • Тұтынушыға ақпараттарды құрметпен және игілікпен жеткізеді; • Қызмет тұтынушыларының пікірін құрметтейді	• Бағыныстағылармен қызмет алушыларды ақпараттандыру бойынша жұмыс жүргізбейді; • Тұтынушыға ақпараттарды жеткізбейді немесе немқұрайлы және жақтырмай жеткізеді; • Қызмет тұтынушыларының пікірін елемейді
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; • Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады	• Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; • Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды
ЖЕДЕЛДІЛІК	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді; • Өзгерістерді уақтылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдайды; • Бөлімшені тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді; • Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді	• Ұжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; • Өзгерістерді уақтылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; • Бөлімшені тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; • Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарайды және басшылыққа енгізеді; • Болып жатқан өзгерістерге талдау жасайды және жұмысты жақсарту бойынша уақтылы шаралар қабылдайды; • Өзгерістерді дұрыс қабылдауды өзінің үлгі өнегесімен көрсетеді.	• Жұмыстың жаңа бағыттарын пайдалану жөніндегі ұсыныстарды қарамайды және басшылыққа енгізбейді; • Болып жатқан өзгерістерге талдау жасамайды және жұмысты жақсарту бойынша шаралар қабылдамайды; • Болып жатқан және күтілмеген өзгерістер кезінде өзін-өзі бақыламайды.
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; • Оларды енгізудің жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; • Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; • Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді	• Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; • Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; • Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды; • Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Үлгілі қызметкерлерді жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырып, енгізеді. • Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды; • Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; • Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді;	• Үлгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; • Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; • Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтамайды; • Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көңіл бөлмейді
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Бағыныстылардың құзыреттер деңгейін жоғарылату бойынша іс-шаралар ұсынады; • Мақсатқа жету үшін өзінің құзыреттерін дамытады және оларды бағыныстыларда дамыту үшін шаралар қабылдайды; • Бағыныстылармен олардың құзыреттерін, оның ішінде дамуды қажет ететін құзыреттерді талқылайды	• Бағыныстылардың құзыреттер деңгейінің жоғарылауына қызығушылық танытпайды; • Мақсатқа жету үшін өзінің және бағыныстыларының құзыреттерін дамытпайды; • Бағыныстылармен олардың құзыреттерін талқыламайды
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; • Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді; • Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады	• Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; • Өзіндігінен дамуға ұмтылмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды; • Өзінде бар дағдылармен шектеледі
АДАЛДЫҚ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді; • Ұжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік нормалары мен стандарттарына берілгендік деңгейін дамытады; • Басқалардың жетістіктерін мойындайды, әріптестерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады; • Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елеп ескереді және анықтайды; • Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады; • Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді	• Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді; Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді; • Басқалардың жетістіктерін мойындамайды, әріптестерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауға жол береді; • Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елеп ескермейді; • Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет танытпайды; • Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктірмейді
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың сақталуын бақылайды; • Ұжымның мүддесін өз мүддесінен жоғары қояды; • Жұмыста табандылық танытады; • Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырады; • Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сақтауды қамтамасыз етеді; • Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады	• Ұжымда белгіленген стандарттар мен нормалардың, шектеулер мен тыйымдардың орын алуына жол береді; • Өз мүддесін ұжым мүддесінен жоғары қояды; • Жұмыста табандылық танытпайды; • Ұжымдағы сыйластық пен сенім ахуалын қалыптастырмайды; Бағыныстылардың іс-әрекетінде шынайылық және әділеттілік принциптерін сақтауды қамтамасыз етпейді
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді; • Өзінің жұмысын адал орындайды; • Өзін адал, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады	• Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады; • Өзінің жұмысын орындау барысында немқұрайлылық білдіреді; • Өзін адалсыз, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады
СТРЕССКЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды	• Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды	• Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды	• Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды
ЖАУАПКЕРШІЛІК	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады	• Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғаға артады
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Құрылымдық бөлімше қызметін ұйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады	• Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғаға артады
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады	• Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады
БАСТАМАШЫЛДЫҚ	С-1 (департамент директоры, ерекше тапсырмалар жөніндегі елші, Министрліктің Комитет төрағасының орынбасары)	• Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды түзеді және қарастырады	• Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлемейді және қарастырмайды
	С-2 (департамент директорының орынбасары); С-3 (басқарма басшысы)	• Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді	• Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдерін және шешімдерін ендіру бойынша ұсыныстарды талдамайды және енгізбейді
	С-3 (Әдеп жөніндегі уәкіл, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі, баспасөз хатшысы); С-4 (Министрліктің кеңесшісі, Министрліктің бірінші хатшысы, Министрліктің екінші хатшысы, бас сарапшы); С-5 (Министрліктің үшінші хатшысы, Министрліктің атташесі, Министрліктің референті, сарапшы)	• Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындайды	• Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындамайды

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 5-қосымша

Нысан

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Жауапты хатшысы
____
(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні ___________________
қолы ___________________

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

____
(мемлекеттік органның атауы)
____
(бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы: ___________________________
Тексерілді:
Комиссияның хатшысы: ____________________ Күні: __________
(тегі, аты-жөні, қолы)
Комиссияның төрағасы: ____________________ Күні: __________
(тегі, аты-жөні, қолы)
Комиссияның мүшесі: ____________________ Күні: __________
(тегі, аты-жөні, қолы)

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы №11-1-4/166 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелерінің «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – «Б» корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) тікелей басшы – дербес бағынысында болып табылатын бағаланушы қызметшіге қатысты тұлға;

2) жоғары тұрған басшы – дербес бағынысты болып табылатын, бағаланушы қызметшінің тікелей басшысына қатысты тұлға;

3) нысаналы мақсатты индикаторлар (бұдан әрі – НМИ) – мемлекеттік органның стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына «А» корпусы қызметшісінің келісіміне немесе «Б» корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігіне сәйкес (процесстік жұмысты қоспағанда) белгіленетін, «Б» корпусы қызметшілері қол жеткізген жағдайда олардың қызметінің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіштер;

4) жеке жұмыс жоспары – «Б» корпусы қызметшісінің бағалау кезеңіне НМИ қарастырылған және тікелей басшысымен бірлесіп құрылатын, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

5) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді түрде атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

6) мінез-құлық индикаторы – «Б» корпусы қызметшісінің мінез-құлық және құзыреттер деңгейі көрінісінің сипаттамасы.

3. «Б» корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмыс тиімділігі мен сапасын анықтау үшін жүргізіледі.

4 «Б» корпусы қызметшісінің нақты лауазымға келу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда соның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан немесе оқуды аяқтағаннан кейін, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау өткізілмейді.

Бағалауды өткізу кезінде «Б» корпусы қызметшілері еңбек демалысында, жалақы сақталмайтын демалысында, уақытша еңбекке жарамсыздығы кезеңінде, іс-сапарда немесе тағылымдамада болғанда, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгенде жұмысына қайта кірісkennен кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды өткізу үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) әр түрлі құрылымдық бөлімшелерінің өкілдерінен тұратын Бағалау жөніндегі комиссия құрады, Министрліктің Кадрлар басқармасы (бұдан әрі – Кадрлар басқармасы) оның жұмыс органы болып табылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.

7. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

1) НМИ жетістіктерін бағалау;

2) «Б» корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. НМИ орындалуын бағалау нәтижелері көтермелеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері «Б» корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамытуға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері көтермелеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар Кадрлар басқармасында және шетелдегі мекемеде бағалау аяқталғаннан кейін үш жыл бойы сақталады.

2-тарау. НМИ анықтау тәртібі

9. Бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде «Б» корпусы әкімшілік мемлекеттік қызметшісінің НМИ шетелдегі мекемедегі тікелей басшысымен жеке жұмыс жоспарында осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысанда анықталады.

10. Жеке жұмыс жоспары тиісті НМИ әзірленген соң, ол бекіту үшін шетелдегі мекемедегі жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. «Б» корпусы қызметшісінің шетелдегі мекемедегі тікелей басшысы шетелдегі мекеменің басшысы болған жағдайда жеке жұмыс жоспары осы лауазымды тұлғамен бекітіледі.

12. НМИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмесе шетелдегі мекеменің жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын түзетуге қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын шетелдегі мекемедегі жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, түзетуге жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. НМИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып қол жеткізуге тиісті нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшемді (НМИ өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қолжетімді (НМИ қолда бар ресурстарды, құзыреттер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (НМИ қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) Министрліктің стратегиялық мақсатын, шетелдегі мекеменің бағаланатын жылға арналған жоспарын, саяси қызметшінің меморандумын жүзеге асыруға бағытталған болуы тиіс.

14. НМИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары Кадрлар басқармасында сақталады.

3-тарау. НМИ жетістігін бағалау тәртібі

16. Жеке жұмыс жоспарында көрсетілген НМИ жетістігіне бақылау жүргізу мақсатында шетелдегі мекемедегі тікелей басшы НМИ-да белгіленген жетістіктерге тоқсан сайын мониторинг жүргізеді.

Тоқсан сайынғы мониторинг қортындысы бойынша шетелдегі мекемедегі тікелей басшы бағалауға жататын «Б» корпусы қызметшісіне НМИ-ге жету және сол үшін қажетті шаралар бойынша жазбаша ұсыныстар береді.

17. Бағалауды өткізу үшін «Б» корпусы қызметшісінің шетелдегі мекемедегі тікелей басшысы осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысанда НМИ бойынша бағалау парағын толтырады және оған қол қояды.

18. Жеке жұмыс жоспарының жүзеге асырылуын бағалау жеке жұмыс жоспары құрылған жыл қорытындысы бойынша НМИ бағалау негізінде келесі тәртіпте жүзеге асырылады.

НМИ барлығы орындалған жағдайда «өте жақсы» баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 4-і орындалған жағдайда «тиімді» баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-і орындалған жағдайда «қанағаттанарлық» баға қойылады.

НМИ санының 5-нен 3-тен азы орындалған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» баға қойылады.

НМИ-дің орындалуы жеке жоспарда қарастырылған барлық көрсеткіштердің толық орындалуын көздейді.

19. Бағалау парағы шетелдегі мекемедегі тікелей басшымен толтырылғаннан кейін, ол шетелдегі мекемедегі жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

20. «Б» корпусы қызметшісінің шетелдегі мекемедегі тікелей басшысы шетелдегі мекеменің басшысы болған жағдайда бағалау парағы оның қарауына енгізіледі.

21. «Б» корпусы қызметшісінің бағалау парағын қарау қорытындысы бойынша шетелдегі мекемедегі жоғары тұрған басшымен келесі шешімдердің бірі қабылданады:

1) бағалаумен келісу;

2) түзетуге жіберу.

22. Бағалау парағы НМИ қол жеткізуін дәлелдейтін фактілердің жеткіліксіздігі немесе дәйексіздігі болған жағдайда түзетуге жолданады.

23. Бағалау парағын шетелдегі мекемедегі жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу, оны түзетуге жолдағаннан кейін 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

24. Шетелдегі мекемедегі жоғары тұрған басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін Кадрлар басқармасы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

4-тарау. Құзыреттерді бағалау тәртібі

25. Құзыреттерді бағалау шетелдегі мекемедегі тікелей басшымен жүргізіледі және оның нәтижесі бойынша осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша бағалау парағы толтырылады.

26. Бағалау парағын толтыру барысында әр құзырет бойынша «Б» корпусы мемлекеттік лауазымдар санаттары үшін осы Әдістеменің 4-қосымшасымен көзделген мінез-құлық индикторларының жиынтығын басшылыққа алу қажет. Бір құзырет бойынша мінез-құлық индикаторларының саны 10-нан аспайды.

27. Қызметші құзыретінің даму деңгейі бағалау кезеңінде оның қызметінде көрінген мінез-құлық индикторларының санымен келесі тәртіпте анықталады:

1) қызметшінің қызметінде белгілі бір құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4 немесе одан көбі байқалған жағдайда «күтілген нәтижеге сәйкес» бағасы қойылады.

2) қызметшінің қызметі нақты құзыретпен көзделген мінез-құлық индикторларының 3/4-нен кеміне сәйкес келмесе, бағаланатын құзырет бойынша «күтілген нәтижеге сәйкес емес» бағасы қойылады.

28. Шетелдегі мекемедегі тікелей басшымен бағалау парағына қол қойылғаннан кейін Кадрлар басқармасы 2 жұмыс күнінен кешіктірмей оны Комиссияның қарауына ұсынады.

5-тарау. Бағалау нәтижелерін Комиссиямен қарау және бағалау нәтижесіне шағымдану

29. Кадрлар басқармасы Комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырады және бағалауды өткізуге дейін жеті жұмыс күні аралығында бағалауды жүргізетін тұлғаларды бағалау жүргізу туралы хабарлайды.

30. Комиссияның отырысы оның құрамының кем дегенде үштен екісі қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

31. Комиссияның төрағасын не мүшесін алмастыру комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

32. Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

33. Дауыс беру қорытындысы Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, бағалау жөніндегі комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

34. Комиссияның хатшысы Кадрлар басқармасының қызметшісі болып табылады. Комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

35. Кадрлар басқармасы Комиссия төрағасымен келісілген мерзімдерге Комиссия отырысының өткізілуін қамтамасыз етеді.

36. Кадрлар басқармасы Комиссияның отырысына келесі құжаттарды ұсынады:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес Комиссия отырысының хаттамасының жобасын.

37. Комиссия бағалау нәтижелерін қарайды да келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) бағалау нәтижелерін бекіту;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарау.

38. Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылданған жағдайда Комиссия бағалау нәтижесін түзетіп, оны хаттаманың «Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)» графасында көрсетіледі.

39. Бағалаудың нәтижелері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрімен бекітіледі және осы Әдістеменің 5-қосымшасына сәйкес нысан бойынша тиісті хаттамасында тіркеледі.

40. Кадрлар басқармасы бағалау нәтижелерін ол аяқталған күні шетелдегі мекемеге жолдайды, одан кейін шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі немесе өзге уәкілетті тұлғасы «Б» корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен екі жұмыс күні ішінде таныстырады.

41. «Б» корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі немесе өзге уәкілетті тұлғасы мен шетелдегі мекеменің басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

42. «Б» корпусы қызметшісінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі немесе өзге уәкілетті тұлғасымен «Б» корпусы қызметшісіне бағалау нәтижесін ведомстволық пошта (mfa.kz) арқылы жолданады және Кадрлар басқармасына хабарланады.

43. «Б» корпусы қызметшісінің Комиссия шешіміне шағымдануы мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органда шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Шағымдарды қарау қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган келесі шешімдердің біреуін қабылдайды:

1) Министрлікке Комиссия шешімін жойып, «Б» корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қарау бойынша ұсыныс беру;

2) «Б» корпусы қызметшісінің бағалау нәтижесін қайта қараусыз қалдыру.

44. «Б» корпусы қызметшісі бағалау нәтижелеріне сот тәртібінде шағымдануға құқылы.

Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 1-қосымша

Нысан

«БЕКІТЕМІН»
Жоғары тұрған басшы ______________________
(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні ___________________
қолы ___________________

«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспары

______________________________жыл
(*жеке жоспар құрастырылатын кезең*)

Қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
____
Қызметшінің лауазымы: __________________________
Қызметшінің шетелдегі мекеменің атауы: ________________

№	Нысаналы мақсатты индикаторлардың атауы	Саяси мемлекеттік қызметшінің немесе мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатынан түйінделеді (шетелдегі мекеменің бағаланатын жылға арналған жоспарына)	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Қол жеткізу мерзімдері	Түйінді нәтиже*
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						

* Нысаналы мақсатты индикатор қол жеткізуден күтілетін оң өзгерістер

Қызметші	Тікелей басшы
____________________ (тегі, аты-жөні) күні ________________ қолы ________________	____________________ (тегі, аты-жөні) күні ________________ қолы ________________

Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 2-қосымша

«БЕКІТЕМІН»
Жоғары тұрған басшы ______________________
(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні ___________________
қолы ___________________

Нысан

НМИ бойынша бағалау парағы

____
(Тегі, аты-жөні, бағаланатын тұлғаның лауазымы)
(бағаланатын кезең)

№	Нысаналы мақсатты индикаторлардың атауы	Өлшем бірлігі	Жоспарлы мәні	Нақты мәні	Көрсеткішке қол жетті/көрсеткішке қол жетпеді

Бағалау нәтижесі ______________________________________
(қанағаттанарлықсыз, қанағаттанарлық, тиімді, өте жақсы)

Қызметші	Тікелей басшы
____________________ (тегі, аты-жөні) күні ________________ қолы ________________	____________________ (тегі, аты-жөні) күні ________________ қолы ________________

Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 3-қосымша

Нысан

Құзыреттер бойынша бағалау парағы ______________ жыл
(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
____
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: ______________________
Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы:
____

№	Құзыреттер атауы	Бағалау нәтижелері (күтілетін нәтижеге сәйкес/күтілетін нәтижеге сәйкес емес)	Қызметшіде байқамаған мінез-құлық индикатор атауы (күтілетін нәтижеге сәйкес емес бағасын алған жағдайда)
1	Қызметті басқару		
2	Ынтымақтастық		
3	Шешім қабылдау		
4	Жеделділік		
5	Өздігінен даму		
6	Қызметті тұтынушыға бағдарлану *		
7	Қызметті тұтынушыларды хабарландыру *		
8	Адалдық		
9	Жауапкершілік		
10	Бастамашылдық		
11	Стресске орнықтылық		

*Лауазымдық міндеттеріне мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жатпайтын «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілері «Қызметті тұтынушыға бағдарлану» және «Қызметті тұтынушыларды хабарландыру” құзыреттері бойынша бағаланбайды.

Қызметші	Тікелей басшы
____________________ (тегі, аты-жөні) күні ________________ қолы ________________	____________________ (тегі, аты-жөні) күні ________________ қолы ________________

Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 4-қосымша

Нысан

Құзыреттердің мінез-құлық индикаторлары

Құзыреттер атауы	Мемлекеттік әкімшілік лауазымдар санаты	Тиімді мінез-құлық индикаторлары	Тиімсіз мінез-құлық индикаторлары
ҚЫЗМЕТТІК БАСҚАРУ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қояды және тапсырмалар береді; • Бөлімшенің берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттайды және жағдай жасайды; • Бөлімше жұмысын басымдылығына қарай тиімді ұйымдастырады;	• Стратегиялық бағыттарға сәйкес нақты міндеттер қоя алмайды және тапсырмалар бере алмайды; • Берілген міндеттерді сапалы және уақтылы орындауына ұжымды бағыттамайды және жағдай жасамайды; • Бөлімше жұмысын басымдылығына мән бермей тиімсіз ұйымдастырады
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (*шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Басымдылығына қарай тапсырмаларды маңыздылығы ретімен қояды; • Басшылыққа сапалы құжаттар дайындайды және енгізеді; • Өлшеулі уақыт жағдайында жұмыс жасай алады; • Белгіленген мерзімдерді сақтайды	• Тапсырмаларды жүйесіз орындайды; • Сапасыз құжаттар әзірлейді; • Жедел жұмыс жасамайды; • Белгіленген мерзімдерді сақтамайды
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарлайды; • Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады; • Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асырады және ортақ нәтижеге қол жеткізеді	• Өз құзыреті шегінде қызметкерлерді мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді қарым-қатынасқа бағдарламайды; • Қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін кейбір қызметкерлердің әлеуетін пайдаланады; • Басқа бөлімшелермен бірлесіп жоспарды жүзеге асыра алмайды және ортақ нәтижеге қол жеткізбейді
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (*шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Ұжымның жұмысына үлесін қосады және қажет болған жағдайда түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінеді; • Мемлекеттік органдар мен ұжымдардың өкілдерімен және әріптестерімен қарым-қатынасты дамытады; • Талдау барысында пікір алмасады және талқылау нәтижесін ескере отырып, тапсырмаларды орындайды	• Жұмыста тұйықтық ұстанымын білдіреді және түсіндірме үшін аса тәжірибелі әріптестеріне жүгінбейді; • Әртүрлі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерімен және әріптестерімен өзара әрекеттеспейді; • Әріптестерімен мәселелерді талқыламайды
ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Міндеттерді дұрыс бөле алады; • Шешім қабылдау барысында мүмкін болатын қауіптер туралы хабарлайды; • Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасайды; • Тиімді және жүйелі шешім қабылдайды; • Жеке тәжірибесіне, басқа да маңызды болып табылатын мәліметтерге негізделген шешім қабылдайды	• Бөлімшеде міндеттерді дұрыс бөле алмайды; • Орын алуы мүмкін қауіптер туралы хабарламайды; • Шешім қабылдау барысында альтернативті ұсыныс жасамайды; • Тиімсіз және жүйесіз шешім қабылдайды; • Шешім қабылдау барысында тек өзінің жеке тәжірибесіне және көзқарасына сенеді.
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Қажетті мәліметтерді таба алады; • Мүмкін болатын қауіптерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше жолын ұсынады; • Өзінің пікірін негіздей алады	• Қажетті мәліметтерді таба алмайды; • Мүмкін болатын қауіптерді ескермейді немесе мәселелерді шешудің альтернативасын ұсынбайды; • Негізсіз пікір білдіреді
ҚЫЗМЕТТІ ТҰТЫНУШЫҒА БАҒДАРЛАНУ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескеріп, нақты міндеттер қоя алады; • Қызмет көрсетудің тиімді әдістерін біледі; • Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділілігін қамтамасыз етеді; • Қызмет тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізеді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырады	• Стратегиялық мақсаттар мен басымдылықтарды ескермей, анық емес міндеттер қоя алады; • Қызмет көрсетудің әдістері туралы шалашарпы біледі; • Көрсетілетін қызметтердің қолжетімділілігін қамтамасыз етпейді; • Көрсетілетін қызмет бойынша тұтынушылардың қанағаттанушылығына талдау жүргізбейді және қызмет көрсетуді жетілдірудің жолдарын қарастырмайды
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Сыпайы және тілектестікпен қызмет көрсетеді; • Қызмет көрсетуге қанағаттанушылық деңгейін талдайды және оларды жетілдірудің жөнінде ұсыныстар енгізеді; • Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша ұсыныс енгізеді	• Қызмет алушыға дөрекілік және немқұрайлылық білдіреді; • Тұтынушының сұрақтары мен мәселелеріне мән бермейді; • Қызмет көрсету сапасын жақсарту бойынша белсенділік танытпайды
ҚЫЗМЕТТІ ТҰТЫНУШЫҒА АҚПАРАТТАНДЫРУ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы үнемі түсіндіреді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімді тәсілін құрастырады	• Ұжымға қызмет алушы тұтынушылар арасында көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттарды жеткізу қажеттілігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізбейді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпараттандырудың тиімсіз тәсілін құрастырады
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімді тәсілдерін қолданады; • Тұтынушыға ақпаратты қолжетімді ауызша және жазбаша түрде жеткізеді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алады	• Қызмет алушыларды ақпараттандырудың тиімсіз тәсілдерін қолданады; • Тұтынушыға ақпаратты ауызша және жазбаша түрде жеткізбейді немесе түсініксіз жеткізеді; • Көрсетілетін қызметтер туралы ақпаратты уақтылы қабылдай және жібере алмайды
ЖЕДЕЛДІЛІК	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді; • Өзгерістерді уақтылы елеу үшін тиімді шаралар қабылдайды; • Бөлімшені тиімді басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді; • Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдайды және басшылыққа енгізеді	• Ұжымға жаңа басымдықтарды жеткізбейді немесе мерзімнен кеш жеткізеді; • Өзгерістерді уақтылы елеу үшін шаралар қабылдамайды немесе тиімсіз шаралар қабылдайды; • Бөлімшені тиімсіз басқарады және ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізбейді; • Жұмыстың жаңа бағыттарын қолдану бойынша ұсыныстарын талдамайды және басшылыққа енгізбейді
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді; • Оларды енгізудің жаңа бағыттары мен әдістерін үйренеді; • Өзгеріс жағдайларында өзін -өзі бақылайды; • Өзгеріс жағдайларында тез бейімделеді	• Жұмыстың қолданыстағы рәсімдері мен әдістерін ұстанады; • Жаңа бағыттар мен әдістерді зерттеп оларды енгізбейді; • Өзгеріс жағдайларында өзін-өзі бақылай алмайды; • Өзгеріс жағдайларында бейімделмейді немесе баяу бейімделеді
ӨЗДІГІНЕН ДАМУ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Үлгілі қызметкерлерді жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырып, енгізеді. • Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды; • Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліседі, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтайды; • Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетеді;	• Үлгілі қызметкерлерді анықтамайды және оларды жоғарылату туралы ұсыныстарды қарастырмайды; • Қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдамайды немесе жүйесіз шараларды қабылдайды; • Әріптестерімен жинақталған тәжірибесімен, білімімен бөліспейді, сондай-ақ, олардың даму деңгейін анықтамайды; • Өздігінен дамуға ұмтылысын өзінің жеке үлгісінде көрсетуге көңіл бөлмейді
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады; • Өзіндігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпараттар мен оны қолданудың әдістерін ізденеді; • Тәжірибеде тиімділікті арттыратын жаңа дағдыларды қолданады	• Жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытпайды; • Өзіндігінен дамуға ұмтылмайды, жаңа ақпараттар мен оны қолдану әдістерімен қызықпайды; • Өзінде бар дағдылармен шектеледі

(Соңы 19-бетте)

(Соңы. Басы 17-18-беттерде)

АДАЛДЫҚ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етеді; • Ұжымда мемлекеттік қызметтің әдептілік нормалары мен стандарттарына берілгендік деңгейін дамытады; • Басқалардың жетістіктерін мойындайды, әріптестерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынады; • Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елеп ескереді және анықтайды; • Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет таныта отырып, бағыныстылары үшін әдепті мінез-құлықтың үлгісі болады; • Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктіреді	• Жұмыскерлермен әдептілік нормалары мен стандарттарының сақталуын қамтамасыз етпейді; • Мемлекеттік қызмет жолын ұстаушылық әркімнің жеке ісі деп есептейді; • Басқалардың жетістіктерін мойындамайды, әріптестерінің намысы мен абыройына нұқсан келтіретін олардың жеке және кәсіби қасиеттерін талқылауға жол береді; • Әдептілік нормалардың бұзылғандығын елеп ескермейді; • Риясыздық, әділдік, адал ниеттілік, сондай-ақ, жеке тұлғаның намысы мен абыройына құрмет танытпайды; • Өзінің бөлімше жұмысының тәжірибесінде ашықтық, шынайылық және әділдікке бағытталған әдеп нормалары мен құндылықтарды біріктірмейді
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сүйенеді; • Өзінің жұмысын адал орындайды; • Өзін адал, қарапайым, әділ ұстайды, басқаларға сыпайылық және биязылық танытады	• Белгіленген әдептілік нормалары мен стандарттарына сай келмейтін мінез-құлықтар танытады; • Өзінің жұмысын орындау барысында немқұрайлылық білдіреді; • Өзін адалсыз, шамданған және басқаларға дөрекілік және менсізбеушілік қасиеттерін танытады
СТРЕССКЕ ОРНЫҚТЫЛЫҚ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды	• Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Сынға сабырлықпен қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды	• Сынға сабырсыз қарайды және негізді болған жағдайда, кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдамайды
ЖАУАПКЕРШІЛІК	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыруды жеке жауапкершілігіне алады	• Құрылымдық бөлімшенің қызметін ұйымдастыру жауапкершілігін басқа лауазымды тұлғаға артады
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықта болады	• Өз ісі мен нәтижелері үшін жауаптылықты басқа тұлғаға артады
БАСТАМАШЫЛДЫҚ	С-1 (сенімді уәкіл, халықаралық ұйым жанындағы тұрақты өкілдің орынбасары, бас консул, шетелдегі мекеменің кеңесші – уәкілі)	• Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды түзеді және қарастырады	• Қызмет тиімділігін жоғарылатуға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдер енгізу жөніндегі ұсыныстарды әзірлемейді және қарастырмайды
	С-2 (шетелдегі мекеменің кеңесшісі); С-3 (шетелдегі мекеменің бірінші хатшысы, консул – консулдықтың басшысы); С-4 (шетелдегі мекеменің екінші хатшысы, бас консулдықтың консулы, бас сарапшы (*шетелдегі мекеменің бас бухгалтері, шетелдегі мекеменің бас референті); С-5 (шетелдегі мекеменің үшінші хатшысы, шетелдегі мекеменің атташесі, бас консулдықтың вице-консулы, сарапшы (шетелдегі мекеменің бухгалтері, шетелдегі мекеменің кеңсе меңгерушісі, шетелдегі мекеменің референті)	• Ұсыныстар мен бастамаларын енгізеді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындайды	• Ұсыныстар мен бастамаларын енгізбейді және өзінің негізгі міндеттерінен басқа қосымша жұмыстарды орындамайды

Ескертпе: *Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің бұйрығымен бекітілетін Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің кейбір әкімшілік мемлекеттік лауазымдарына олардың қызметінің ерекшеліктерін сипаттайтын арнайы қосымша атауларына сәйкес

Қазақстан Республикасы шет елдердегі мекемелері «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесіне 5-қосымша

Нысан

«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі
____
(тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері)
күні ______________________
қолы ______________________

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

____
(мемлекеттік органның атауы)
____
(бағалау мерзімі жыл)

Бағалау нәтижелері

№	Қызметшілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Бағалау нәтижелері комиссиямен түзетілуі (бар болған жағдайда)	Комиссияның ұсыныстары
1.				
2.				
...				

Комиссия қорытындысы: ____________________________________
Тексерілді:
Комиссияның хатшысы: ______________________ Күні: ___________
(тегі, аты-жөні, қолы)
Комиссияның төрағасы: ______________________ Күні: ___________
(тегі, аты-жөні, қолы)
Комиссияның мүшесі: ______________________ Күні: ___________
(тегі, аты-жөні, қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 28 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16945 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ СТАТИСТИКА КОМИТЕТІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 24 сәуір №54 Астана қаласы

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемені бекіту туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 5) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі №1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 258) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ұлттық шоттар басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы Н.АЙДАПКЕЛОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
_______________ А. Мұхамедиұлы
2018 жылғы 26 сәуір

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 24 сәуірдегі № 54 бұйрығымен бекітілді

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістеме (бұдан әрі – Әдістеме) халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылатын және «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес бекітілетін статистикалық әдіснамаға жатады.

2. Әдістемені Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу кезінде қолданады.

3. Осы Әдістемеде Заңда, сонымен қатар 2001 жылғы 13 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мәндердегі ұғымдар және келесі негізгі анықтамалар пайдаланылады:

1) аралық тұтыну – есепті кезеңде тауарлар мен көрсетілетін қызметтер өндірісіне шығындар ретінде өндіріс процесінде түрленетін немесе толық тұтынылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтер құны;

2) еңбек өнімділігі – пайдаланылатын ресурстар бірлігіне есептегенде өнім шығарылымын сипаттайтын, өндіріс көлемі мен еңбек ресурстары шығындарының арақатынасын білдіретін өндіріс тиімділігінің көрсеткіші;

3) ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резиденттер де, бейрезиденттер де болып табылатын келушілердің туристік тұтынуы;

4) жалпы қосылған құн – өндірістік қызметтің соңғы нәтижесін сипаттайды және берілген өндірістік процестегі өңдеумен қосылған құндылықты білдіреді. Салалар деңгейінде тауарлар және көрсетілген қызметтер шығарылымы және аралық тұтыну арасындағы айырма ретінде есептеп шығарылады, өндіріс процесінде тұтынылатын негізгі капиталдың құнын қамтиды;

5) келу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде бейрезидент келушілердің туристік тұтынуы;

6) нақты көлем индексі – салыстырмалы кезеңде салалдағы өндіріс көлемінің өзгеруін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіш. Базистік кезеңде есептелген және базистік кезеңдегі бағасына белгілі бір құнның ағымдағы кезеңге бөліндісімен есептеледі;

7) ұлттық шоттар жүйесінің тұжырымдамасы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялар – негізгі капиталға материалдық және материалдық емес салымдар;

8) туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн – өндіретін жалпы өнімінің тұтынушыларға арналғанына не арналғанына қарамастан, және олардың өндірістік процесінің мамандану дәрежесіне қарамастан туризм саласында жұмыс істейтін барлық мекемелер құрайтын жалпы қосылған құнның сомасы;

9) тікелей туризмде құрылатын жалпы қосылған құн – ел ішіндегі туризмге жататын тұтыну серпініне сәйкес тұтынушыларға қызмет көрсетумен тікелей байланысты туризм салаларында және экономиканың басқа салаларында құрылатын, жалпы қосылған құнның бөлігі;

10) туристік шығыстар – тұтыну үшін тауарлар мен қызметтерді, сонымен қатар жеке тұтыну немесе сыйлық ретінде пайдалану үшін туристік сапарға дейін және сапар кезінде сатып алуға жұмсалған ақша қаражаттарының сомасы;

11) шығу туризміне қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінен тыс жерде резиденттердің туристік тұтынуы;

12) ішкі туризмге қатысты тұтыну – тиісті елдің экономикалық аумағы шегінде резидент келушілердің туристік тұтынуы.

2-тарау. Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру

4. Туризмнің қосалқы шоты (бұдан әрі – ТҚШ) жыл сайынғы негізде қалыптастырылатын он кесте түріндегі статистикалық көрсеткіштер жүйесін білдіреді.

5. Кестелер көрсеткіштерін келісу үшін ТҚШ қалыптастыру кезінде туристік өнімдер мен туризм саласының жіктелімі пайдаланылады.

6. Туристік өнімдер жіктеліміне туризмге тән тұтыну тауарлары және туризмге қандай да бір қатысы бар өзге де өнімдер кіреді.

7. Турисік өнімдер жіктелімі осы Әдістемеге 1-қосымшада келтірілген.

8. Туризм саласының жіктеліміне типтік туристік өнімдерді өндірумен байланысты экономикалық қызметтің түрлері кіреді.

9. Туризм саласының жіктелімі осы Әдістемеге 2-қосымшада келтірілген.

10. Туристік өнімдер мен туризм саласының жіктелімі ТҚШ-ға кіретін келесі он кестені қалыптастыруға мүмкіндік береді:

Осы Әдістемеге 3-қосымшаға сәйкес 1-кесте «Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі келу туризміне қатысты тұтыну» (бұдан әрі – 1-кесте);

Осы Әдістемеге 4-қосымшаға сәйкес 2-кесте «Өнімдер және келушілердің санаттары және сапарлар түрлері бойынша бөлінісіндегі ішкі туризмге қатысты тұтыну» (бұдан әрі – 2-кесте);

Осы Әдістемеге 5-қосымшаға сәйкес 3-кесте «Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі шығу туризміне қатысты тұтыну» (бұдан әрі – 3-кесте);

Осы Әдістемеге 6-қосымшаға сәйкес 4-кесте «Өнімдер бойынша бөлінісіндегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну» (бұдан әрі – 4-кесте);

Осы Әдістемеге 7-қосымшаға сәйкес 5-кесте «Туризм салаларындағы және басқа салалардағы өндіріс шоттары» (бұдан әрі – 5-кесте);

Осы Әдістемеге 8-қосымшаға сәйкес 6-кесте «Ел ішіндегі туризмге қатысты ішкі ұсыныс пен тұтынудың жалпы көлемі» (бұдан әрі – 6-кесте);

Осы Әдістемеге 9-қосымшаға сәйкес 7-кесте «Туризм салаларындағы жұмыспен қамту» (бұдан әрі – 7-кесте);

Осы Әдістемеге 10-қосымшаға сәйкес 8-кесте «Туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы» (бұдан әрі – 8-кесте);

Осы Әдістемеге 11-қосымшаға сәйкес 9-кесте «Өнімдер және мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері бөлінісіндегі ұжымдық туристік тұтыну» (бұдан әрі – 9-кесте);

Осы Әдістемеге 12-қосымшаға сәйкес 10-кесте «Ақшалай емес көрсеткіштер» (бұдан әрі – 10-кесте).

11. 1, 2, 3 - кестелер туристік тұтынуды туризм, туристік өнімдер түрлері және келушілер санаты бойынша құндық мәнде сипаттайды. 1-кестеде кіру туризмі, 2-кестеде ішкі туризм, ал 3-кестеде шығу туризмі қарастырылады. Туристік шығындардың көлемі мен құрылымы туристер және экскурсанттар үшін жеке-жеке анықталады.

12. 1-кестедегі келу туризміне қатысты тұтынуды есептеу үшін жалпымемлекеттік статистикалық байқаулар негізінде алынған бейрезидент келушілер шығыстарының құрылымына сәйкес туристік өнімдер бойынша бөлінетін қызметтер экспортындағы сапарлар және көліктік көрсетілетін қызметтер туралы әкімшілік деректер пайдаланылады.

13. 2-кестедегі ішкі туризмге қатысты тұтынуды есептеу үшін ішкі туристік сапарларды жүзеге асыруға резидент келушілердің туристік шығыстары, сондай-ақ кетер алдындағы ел ішінде жүзеге асырылған туристік шығу сапарларына шығыстары туралы деректер пайдаланылады. Резидент келушілердің туристік шығыстары жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандарының деректеріне негізделеді.

14. 3-кестедегі шығу туризміне қатысты тұтынуды есептеу үшін қызметтер импортындағы сапарлар және көліктік көрсетілетін қызметтер туралы әкімшілік деректер пайдаланылады. Алынған әкімшілік деректер жалпымемлекеттік статистикалық нысанның негізінде алынған үй шаруашылықтарының Қазақстан Республикасынан тыс жердегі сапарларға жұмсаған шығыстарының құрылымына сәйкес туристік өнімдер бойынша бөлінеді.

15. 4-кестеде келу туризмі (1-кесте) және ішкі туризммен (2-кесте) байланысты шығыстар көрсеткіштерін және барлық қосымша компоненттердің, соның ішінде бизнес сапарлар жасайтын резидент келушілердің шығыстарын қосу арқылы ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну сияқты негізгі агрегатталған көрсеткішке баға беріледі.

16. ҰШЖ «Ресурстар-Пайдалану» кестесінің деректері 5 және 6-кестелерді құрастыру үшін негіз болып табылады.

17. 5-кестеде туризм салаларының және Қазақстан Республикасының басқа экономикалық салаларындағы өндіріс шоты көрсетілген. Туризм салаларының шығарылымы өнімдердің түрлері бойынша бөліністе ұсынылған және базистік бағаларда бағаланады. Аралық тұтыну сатып алушының бағасында бағаланады. Екі шаманың арасындағы айырмашылық базистік бағалардағы жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ЖҚҚ) деп аталады және тұтас әрбір туризмнің саласына қатысы бар.

18. ЖҚҚ 5-кестедегі жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу, өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа да салықтар және жалпы аралас табыс жолдарының сомасына тең. Туризмнің барлық салаларының ЖҚҚ жиыны (5.13-баған) Туризм салаларында құрылатын жалпы қосылған құн (бұдан әрі – ТСЖҚҚ) көрсеткішіне теңеседі.

19. 6-кестеде 4-кестеден ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну мен сатып алушылар бағасындағы ішкі ұсыныс салғастырылады. Ішкі ұсыныстың жалпы көлемі 5-кестедегі туризм салаларының ішкі шығарылымы мен импорт, өндірілген және импортталған өнімдерге субсидияларды шегергенде таза салықтар және сауда мен көліктік үстеме бағалар сияқты қосымша көрсеткіштердің сомасы арқылы шығарылады.

20. Туризмнің үлесі (пайызбен) 4-кестедегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтынудың ішкі ұсынысқа (6.4-баған) қатынасы арқылы анықталады. Туризмнің үлесі ұсыныстың әрбір жеке элементі шегіндегі ел ішіндегі туризмге жататын тұтыну үлесін білдіреді. Туризмнің үлесі Тікелей туризмде құрылатын жалпы қосылған құнның (бұдан әрі – ТТЖҚҚ) агрегатталған көрсеткішін бағалауда қолданылады.

21. Туризм саласының әрбір өнімі бойынша ел ішіндегі туризмге қатысты тұтынудың үлесі туризмнің үлесін пайдаланумен жеке негізде анықталады.

22. Әрбір жекелеген сала үшін әрбір өнімге сәйкес келетін туризм үлесінің сомасы ретінде оның түпкілікті өнімі (құндық мәндегі) шығарылымның көлеміндегі туризм үлесі айқындалады. Туризмнің үлесі аралық тұтыну компонентіне де, қосылған құнға да қатысты пайдаланылады.

23. Әрбір жекелеген сала үшін ел ішіндегі туризмге жататын жалпы тұтынуға өзі шығаратын түпкілікті өнім үлесіне сәйкес келетін жалпы қосылған құн (базистік бағаларда) белгіленеді және бұл шамалар туризм салаларымен қатар экономиканың басқа да салалары бойынша жинақталады. Барлық салалар бойынша жалпы қосылған құнның барлық бөліктерін жинақтау нәтижесінде ТТЖҚҚ-ға теңеседі.

24. ТҚШ шеңберінде ТТЖҚҚ келушілердің тұтынуымен байланысты туризм салаларымен және басқа салалармен құрылатын қосылған құнның бөлігі ғана көрсетеді.

25. 7-кесте туризм салаларындағы халықты жұмыспен қамтудың сандық бағалауын көрсетеді: жұмыспен қамтылған халық саны, жұмыс істеген сағаттар саны, халықтың толық жұмыспен қамтылу баламасында жұмыспен қамтылған халық саны. Жұмыспен қамтылу бойынша деректер жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары негізінде жынысы және жұмыспен қамтылу мәртебесі бөлінісінде экономикалық қызмет түрелері бойынша қалыптастырылады.

26. 8-кестеде туризм салаларындағы және экономиканың басқа салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы (бұдан әрі – НКЖЖ) анықталады. Негізгі қорларды сатып алу (шегеру) және негізгі капиталға салынған инвестициялар бойынша жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысандары НКЖЖ-ны бағалау үшін дереккөз болып табылады.

27. 9-кесте ұжымдық туристік тұтынуды сипаттайды және келушілердің бірге тұтынуы үшін мемлекеттік басқару органдарының әр түрлі деңгейлерімен ұсынылатын нарықтық емес қызметтерінің құнын көрсетеді. 9-кестені құруда көрсетілетін қызмет түрлері және басқару деңгейі бойынша ұжымдық туристік тұтыну шығыстары туралы әкімшілік дереккөздердің деректері пайдаланылады.

28. 10-кестеде туризм түрлері, келушілер санаты және тұрақтау ұзақтығы мен ел аумағына кіру үшін бейрезидент келушілер пайдаланатын көлік түрлері бойынша бөлінісіндегі сапарлар саны туралы ақшалай емес көрсеткіштер ұсынылған. Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың қорытындылары және статистикалық бизнес-тіркелім ақпараттың дереккөзі болып табылады.

3- тарау. Туризм саласының негізі көрсеткіштерін есептеу

29. ТҚШ шеңберінде жыл сайынғы негізде агрегатталған көрсеткіштер: ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну, ТСЖҚҚ, ТСЖҚҚ нақты көлем индексі (бұдан әрі – НКИ), туризм саласындағы еңбек өнімділігінің индексі, ТТЖҚҚ, ТТЖҚҚ НКИ қалыптастырылады.

30. Тоқсандық негізде тұтас республика және өңірлер бөлінісінде туризм саласы бойынша келесі негізгі көрсеткіштер саналады:

туризм саласының ЖҚҚ;
туризм саласының ЖҚҚ НКИ-і;
туризм саласының еңбек өнімділігі;
туризм саласының еңбек өнімділігінің индексі;
туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестициялар;
туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестицияларының НКИ-і;
туризм саласында жұмыспен қамтылған халық саны.

31. Туризм саласының ЖҚҚ туристік өнімдерді өндірумен байланысты экономикалық қызмет түрлерінің ЖҚҚ-ның сомасы болып табылады. Туризм саласының ЖҚҚ бағалау тұрақты бағаларда туризм саласына жататын экономикалық қызмет түрлерін дефляторлау және экстраполяциялау әдісімен жүзеге асырылады.

32. Дефляторлау әдісі ағымдағы кезеңдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің құнын базистік кезеңдегі бағамен салыстырғанда осы тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге ағымдағы кезеңдегі баға өзгерісін сипаттайтын индекске бөлуден тұрады. Қайта бағалау рәсімі жалпы алғанда мынадай үлгіде сипатталған:

$$\Sigma\, q_t p_0 = {\Sigma q_t p_t}/{I_{p_{t/0}}} \quad (1)$$

мұндағы:

$\Sigma\, q_t p_0$ – базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі тауарлар (көрсетілетін қызметтер) құны;

q_t - ағымдағы кезеңдегі тауарлар (көрсетілетін қызметтер) көлемі;

p_t және p_0 – ағымдағы және базистік кезеңдегі бағалар;

$\Sigma q_t p_t$ – ағымдағы кезеңдегі ағымдағы бағамен тауарлар (көрсетілетін қызметтер) құны;

$I_{p_{t/0}}$ – базистік кезеңмен салыстырғандағы ағымдағы кезеңдегі бағалар индексі.

33. Экстраполяциялау әдісі тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің базистік кезеңдегі құнын ағымдағы кезеңде базистік кезеңмен салыстырғанда тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің осы жиынтығының нақты көлемінің өзгерісін көрсететін индекске көбейтуден тұрады. Рәсім жалпы алғанда мынадай үлгіде сипатталған:

$$\Sigma q_t p_0 = \Sigma q_0 p_0 * I_{q_{t/0}} \quad (2)$$

мұндағы:

$\Sigma q_0 p_0$ – базистік кезеңдегі тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) құны;

q_0 – базистік кезеңдегі тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі;

$I_{q_{t/0}}$ – ағымдағы кезеңдегі тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) базисті кезеңмен салыстырғандағы нақты көлем индексі.

34. Туризм саласының ЖҚҚ НКИ-і туризм саласының есепті кезеңдегі ЖҚҚ құнының базистік кезеңнің бағасымен бағаланған, базистік кезеңдегі оның құнына қатынасымен есептеледі:

$$I_q^{\text{ЖІО}} = \frac{\sum q_t p_o}{\sum q_o p_o} \quad (3)$$

мұндағы:

$I_q^{\text{ЖІО}}$ – туризм саласының нақты көлем индексі;

$\sum q_t p_o$ базистік кезең бағасындағы ағымдағы кезеңдегі туризм саласының құны;

$\sum q_o p_o$ базистік кезеңдегі туризм саласының құны.

35. Еңбек өнімділігі өндірістің басқа факторларымен еңбектің қаншалықты тиімді біріктірілгенін, бір жұмысшыға есептелгендегі қанша басқа ингредиенттердің қолда бар екендігін және жүзеге асырылған жүзеге асырылмаған техникалық прогресс қаншалықты тез көрініс табатындығын сипаттайды. Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам) келесі формула бойынша есептеледі:

$$P_j = GVA / E \quad (4)$$

мұндағы:

P_j – еңбек өнімділігі, мың теңге/адам;
GVA – туризм саласының ЖҚҚ, мың теңге;
E – туризм саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам.

Жұмыспен қамтылған халық санына жалдамалы жұмыскерлер мен өзін- өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер енгізілген.

36. Еңбек өнімділігінің индексін есептеу үшін келесі формула пайдаланылады:

$$I_P = \frac{I_{GVA_t}}{(L_t / L_{t-1})} \quad (5)$$

мұндағы:

I_P – туризм саласындағы еңбек өнімділігінің индексі, %;
I_{GVA_t} – есепті кезеңдегі туризм саласы бойынша ЖҚҚ нақты көлемінің индексі (%);
L_t – есепті кезеңдегі туризм саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам;
L_{t-1} – өткен жылдың тиісті кезеңіндегі туризм саласындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам.

37. Туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестициялар инвестициялық қызметті жүзеге асыратын респонденттерге жалпымемлекеттік байқаудың алғашқы деректері негізінде қалыптасады.

38. Туризмді дамытумен байланысты инвестицияларға арнайы туристік негізгі қорлар, туризм саласы кәсіпорынының арнайы туристік санатқа байланысты емес негізгі қорларға инвестициясы және туризммен байланысты инфрақұрылымға инвестиция кіреді.

39. Инвестициялық қызметтің географиялық ауқымы инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық субъектілерін тіркеу орнына қарамастан инвестициялық салым есебінің оның нақты жүзеге асыру орны бойынша қарастырылады.

40. Салым бағытын (негізгі қорларды түпкілікті пайдалану) көрсететін пайдалану бағыты бойынша инвестициялар деректерді қалыптастыру кезінде ескеріледі.

41. Туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестицияларды топтастыру экономикалық қызмет түрлеріне сәйкес пайдалану бағыттары бойынша негізгі капиталға салынған инвестиялардың көлемдерін агрегаттау арқылы қалыптастырылады.

42. Туризм саласының негізгі капиталына салынған инвестициялардың НКИ-ін есептеу тиісті баға индекстерін (актив түрлері бойынша) пайдалана отырып есепті кезеңге деректерді дефляторлау әдісін қолдануға негізделеді.

43. Туризм саласында жұмыспен қамтылған халық санын есептеу үшін жұмыс орындары мен жұмыспен өтелген сағаттар саны бойынша екі негізгі топтама құрастырылады: біріншісі – жынысына сәйкес жұмыспен қамтылғандар бөлінісінде және екіншісі – жұмыспен қамтылу жіктелімінің оңайлатылған қағидаттарына сәйкес, жұмыс күшінің жалпы құрамынан тек жалдамалы қызметкерлер бөліп алынады.

44. Туризм саласында жұмыспен қамтылған халық саны ақпаратын жинау жынысы, жұмыспен қамтылу мәртебесі және экономикалық қызмет түрлері бойынша халыққа іріктемелі зерттеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 1-қосымша

Туристік өнімдер жіктелімі

А.	**Тұтыну өнімдері:**
	А.1. Типтік туристік өнімдер
	А.1.1. Туристік шығыстарды халықаралық салғастыру мақсаты үшін негізгі өнімдер болып табылатын халықаралық деңгейде салғастырылатын типтік туристік өнімдер 1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер 2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері 3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері 4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері 5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері 6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері 7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері 8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер 9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер 10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер
	А.1.2. Нақты елге тән типтік туристік өнімдер 11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар 12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер
	А.2. Өзге тұтыну өнімдері екі кіші категорияға бөлінеді, олардың әрқайсысын ел өзі анықтайды және тиісінше сол немесе басқа елге тән болып табылады: А.2.i. Аралас туристік өнімдер А.2.ii. Туризммен байланысты емес тұтыну өнімдері
В.	Тұтынуға жатпайтын өнімдер
	В.1. Белгілі бір құны бар тауарлар (суреттер, өнер туындылары, құндылықтар)
	В.2. Туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы қорлануымен және туристік ұжымдық тұтынумен байланысты өнімдер кіретін өзге де тұтынылмайтын өнімдер.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 2-қосымша

Туризм саласының жіктелімі

	№	Туризм саласы	Код	Қызмет түрлері
Халықаралық деңгейде салғастырылатын	1	Келушілерді орналастыру	55	1. Тұруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер
	2	Қоғамдық тамақтандыру	56	2. Тамақ өнімдері мен сусындар ұсыну бойынша көрсетілетін қызметтер
	3	Жолаушылардың теміржол көлігі	49.1	3. Жолаушылардың темір жол көлігі, қалааралық
	4	Жолаушылардың жол көлігі	49.3	4 . Өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігі
	5	Жолаушылардың су көлігі	50.1 50.3	5. Теңізде және жағалау суларында жүретін жолаушылар көлігі 6. Жолаушылардың өзен көлігі
	6	Жолаушылардың әуе көлігі	51.1	7. Жолаушылардың әуе көлігі
	7	Көлік жабдығын жалға беру	77.11 77.21	8. Автомобильдер мен жеңіл автомобильдерді жалға алу және жалға беру 9. Ойын-сауық және спорттық құрал-саймандарды жалдау және жалға алу
	8	Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі	79	10. Туристік операторлардың, туристік агенттіктердің және туризм саласында қызмет көрсететін өзге де ұйымдардың қызметі
	9	Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	90 91	11. Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет 12. Кітапханалардың, архивтердің, музейлердің және мәдени қызмет көрсететін басқа мекемелердің қызметі
	10	Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	92 93	13. Құмар ойындар және бәс тігуді ұйымдастыру қызметі 14. Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет

Туризмнің қосалқы шотын Қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 3-қосымша

1-кесте. Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі келу туризміне қатысты тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Келу туризміне қатысты шығындар		
	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер
	(1.1)	(1.2)	(1.3) = (1.1) + (1.2)
А. Тұтыну өнімдері			
А.1 Типтік туристік өнімдер			
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер		x	
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері			
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері			
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері			
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері			
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері			
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері			
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер			
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер			
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер			
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар			
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер			
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері			
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар			
Барлығы			

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 4-қосымша

2-кесте. Өнімдер және келушілердің санаттары және сапарлар түрлері бойынша бөлінісіндегі ішкі туризмге қатысты тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Ішкі туризмге қатысты шығыстар								
	Ішкі сапарлар			Шығу сапарлары			Сапарлардың барлық түрі		
	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер
	(2.1)	(2.2)	(2.3) = (2.1) + (2.2)	(2.4)	(2.5)	(2.6) = (2.4) + (2.5)	(2.7) = (2.1) + 2.4)	(2.8) = (2.2) + (2.5)	(2.9) = (2.3) + (2.6)
А. Тұтыну өнімдері									
А.1 Типтік туристік өнімдер									
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер		x			x			x	
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері									
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері									
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері									
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері									
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері									
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері									
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер									
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер									
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер									
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар									
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер									
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері									
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар									
Барлығы									

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 5-қосымша

3-кесте. Өнімдер және келушілердің санаттары бойынша бөлінісіндегі шығу туризміне қатысты тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Шығу туризміне қатысты шығыстар		
	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер
	(1.1)	(1.2)	(1.3) = (1.1) + (1.2)
А. Тұтыну өнімдері			
А.1 Типтік туристік өнімдер			
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер		x	
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері			
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері			
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері			
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері			
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері			
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері			
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер			
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер			
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер			
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар			
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер			
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері			
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар			
Барлығы			

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 6-қосымша

4-кесте. Өнімдер бойынша бөлінісіндегі ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Келу туризміне қатысты шығыстар	Ішкі туризмге қатысты шығыстар	Ел ішіндегі туризмге қатысты шығыстар	Бизнес сапарлар	Туристік тұтынудың өзге де компоненттері	Ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну
	(1.3)	(2.9)	(4.1) = (1.3) + (2.9)	(4.2)	(4.3)	(4.4) = (4.1) + (4.2) + (4.3)
А. Тұтыну өнімдері						
А.1 Типтік туристік өнімдер						
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер						
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері						
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері						
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері						
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері						
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері						
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері						
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер						
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер						
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер						
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар						
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер						
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері						
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар						
Барлығы						

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 7-қосымша

5-кесте. Туризм салаларындағы және басқа салалардағы өндіріс шоттары

мың теңге

Өнімдер	Келушілерді орналастыру	Қоғамдық тамақтандыру	Жолаушылардың теміржол көлігі	Жолаушылардың жол көлігі	Жолаушылардың су көлігі	Жолаушылардың әуе көлігі	Көлік жабдығын жалға беру
	(5.1)	(5.2)	(5.3)	(5.4)	(5.5)	(5.6)	(5.7)
А. Тұтыну өнімдері							
А.1 Типтік туристік өнімдер							
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер							
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері							
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері							
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері							
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері							
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері							
7. Көлік жабдығын жалға беру қызметтері							
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер							
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер							
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер							
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар							
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер							
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері							
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер							
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар							
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер							
тауарлар							
көрсетілетін қызметтер							
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)							
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)							
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)							
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу							
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар							
Жалпы аралас табыс							

5-кестенің жалғасы

Өнімдер	Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі	Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда	Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері	Барлығы	Өзге салалар*	Ішкі өндірушілер өнімінің шығарылымы
	(5.8)	(5.9)	(5.10)	(5.11)	(5.12)	(5.13)	(5.14)	(5.15) = (5.13) + (5.14)
А. Тұтыну өнімдері								
А.1 Типтік туристік өнімдер								
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер								
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері								
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері								

(Соңы 20-бетте)

(Соңы. Басы 19-бетте)

5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері								
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері								
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері								
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер								
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар								
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар								
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар								
Жалпы аралас табыс								

Ескертпе: *«Басқа салалар» бағаны туризм салаларын қоспағанда экономиканың басқа салаларының шығарылымын көрсетеді.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 8-қосымша

6-кесте. Ел ішіндегі туризмге қатысты ішкі ұсыныс пен тұтынудың жалпы көлемі

мың теңге

Өнімдер	Келушілерді орналастыру		Қоғамдық тамақтандыру		Жолаушылардың теміржол көлігі		Жолаушылардың жол көлігі		Жолаушылардың су көлігі	
	Шығарылым (5.1)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.2)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.3)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.4)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.5)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)
А. Тұтыну өнімдері										
А.1 Типтік туристік өнімдер										
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер										
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері										
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері										
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері										
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері										
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері										
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері										
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер										
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер										
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер										
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар		x		x		x		x		x
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер										
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері										
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер										
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар		x		x		x		x		x
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер										
тауарлар										
көрсетілетін қызметтер										
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)										
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)										
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)										
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу										
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар										
Жалпы аралас табыс										

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

6-кестенің жалғасы

Өнімдер	Жолаушылардың әуе көлігі		Көлік жабдығын жалға беру		Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі		Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	
	Шығарылым (5.6)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.7)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.8)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.9)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)
А. Тұтыну өнімдері								
А.1 Типтік туристік өнімдер								
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер								
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері								
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері								
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері								
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері								
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер								
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар		x		x		x		x
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар		x		x		x		x
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар								
Жалпы аралас табыс								

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

6-кестенің жалғасы

Өнімдер	Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет		Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда		Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері		Барлығы	
	Шығарылым (5.10)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.11)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.12)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.13)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)
А. Тұтыну өнімдері								
А.1 Типтік туристік өнімдер								
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер								
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері								
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері								
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері								
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері								
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер								
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар		x		x		x		x
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар		x		x		x		x
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар								
Жалпы аралас табыс								

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

6-кестенің жалғасы

Өнімдер	Өзге салалар		Барлық отандық өндірушілердің шығарылымы (базистік бағалауда)		Импорт		Өндірілген және ұлттық деңгейде импортталған өнімдерге субсидияларды шегергенде салықтар	
	Шығарылым (5.14)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (5.15) = (5.13) + (5.14)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (6.1)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (6.2)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)
А. Тұтыну өнімдері								
А.1 Типтік туристік өнімдер								
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер								
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері								
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері								
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері								
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері								
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері								
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер								
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер								
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер								
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар		x		x		x		
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер								
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері								
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер								
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар		x		x		x		
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер								
тауарлар								
көрсетілетін қызметтер								
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)								
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)								
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)								
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу								
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар								
Жалпы аралас табыс								

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

6-кестенің жалғасы

Өнімдер	Сауда және көлік үстемелері		Ішкі ұсыныс (сатып алушылар бағаларында)		Ел ішіндегі туризмге қатысты тұтыну	Туризмнің үлесі (%)
	Шығарылым (6.3)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	Шығарылым (6.4) = (5.15) + (6.1) + (6.2) + (6.3)	Туризмнің үлесі (құны бойынша)	4-кестедегі 4.4 баған	Шығарылым (6.5) =(4.4)/(6.4) *100
А. Тұтыну өнімдері						
А.1 Типтік туристік өнімдер						
1. Келушілерді орналастыру бойынша көрсетілетін қызметтер	x	x				
2. Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарының көрсетілетін қызметтері	x	x				
3. Жолаушылардың теміржол көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
4. Жолаушылардың жол көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
5. Жолаушылардың су көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
6. Жолаушылардың әуе көлігінің көрсетілетін қызметтері	x	x				
7. Көлік жабдығын жалға беру көрсетілетін қызметтері	x	x				
8. Туристік агенттіктер және брондау бойынша басқа да көрсетілетін қызметтер	x	x				
9. Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтер	x	x				
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтер	x	x				
11. Нақты ел үшін типтік туристік тауарлар	x	x				
12. Нақты ел үшін типтік туристік көрсетілетін қызметтер	x	x				
А.2. Өзге де тұтыну өнімдері	x	x				
В. Тұтынуға қатысты емес өнімдер	x	x				
В.1. Белгілі бір құндылығы бар бұйымдар	x	x				
В.2. Тұтынуға қатысты емес, өзге де өнімдер	x	x				
тауарлар						
көрсетілетін қызметтер						
I. Жалпы шығарылым көлемі (базистік бағаларда)						
II. Аралық тұтынудың жалпы көлемі (сатып алушылардың бағаларында)						
(I–II). Жалпы қосылған құн (базистік бағаларда)						
Жалдамалы қызметкерлердің еңбекақысын төлеу						
Өнімдерге берілген субсидияларды шегергендегі басқа салықтар						
Жалпы аралас табыс						

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 9-қосымша

7-кесте. Туризм салаларындағы жұмыспен қамту

Туризм салалары	Мекемелер саны	Жұмыспен қамтылған халық саны, адам*						Жұмыс істеген сағаттар саны*						Толық жұмыспен қамтылу баламасындағы жұмыспен қамтылған халық саны, адам*					
		Жалдамалы қызметкерлер			Өзін өзі жұмыспен қамтығандар			Жалдамалы қызметкерлер			Өзін өзі жұмыспен қамтығандар			Жалдамалы қызметкерлер			Өзін өзі жұмыспен қамтығандар		
		Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы	Ерлер	Әйелдер	Барлығы
1.Келушілерді орналастыру																			
2.Қоғамдық тамақтандыру																			
3.Жолаушылардың теміржол көлігі																			
4.Жолаушылардың жол көлігі																			
5.Жолаушылардың су көлігі																			
6.Жолаушылардың әуе көлігі																			
7.Көлік жабдығын жалға беру																			
8.Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі																			
9.Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет																			
10. Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет																			
11.Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда																			
12. Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері																			

Ескертпе: * Халықтың жұмыспен қамтылуын іріктеп зерттеудің деректерін пайдаланумен бағалау.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 10-қосымша

8-кесте. Туризм салаларындағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы

мың теңге

Өнімдер	Туризм салалары							
	Келушілерді орналастыру	Қоғамдық тамақтандыру	Жолаушылардың теміржол көлігі	Жолаушылардың жол көлігі	Жолаушылардың су көлігі	Жолаушылардың әуе көлігі	Көлік жабдығын жалға беру	Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі
	(8.1)	(8.2)	(8.3)	(8.4)	(8.5)	(8.6)	(8.7)	(8.8)
I. Ерекше туристік негізгі активтер								
1. Қонақ үйлер және мейрамханалар								
2.Туризм салаларында пайдалануға келетін тұрғын емес ғимараттар мен имараттар								
3. Туризм мақсатындағы жолаушылар көлігіне арналған жабдықтар								
4. Типтік туристік тауарларды өндіруге арналған басқа машиналар және жабдықтар	x	x	x	x	x	x	x	x
5. Туризм мақсаттарына пайдаланылатын жерлерді абаттандыру	x	x	x	x	x	x	x	x
II. Ерекше туристік емес өнімдердің басқа да өндірілген активтеріндегі туризм салаларының инвестициялары								
(I + II) Барлығы								
Меморандум тармағы:								
III. Өзге қаржылық емес активтер								

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

8-кестенің жалғасы

Өнімдер	Туризм салалары						
	Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет	Нақты елге тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда	Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері	Туризмдегі негізгі капиталдың жалпы жинақталуы	Басқа салалар	Тұтас экономикадағы негізгі капиталдың жалпы жинақталуы
	(8.9)	(8.10)	(8.11)	(8.12)	(8.13)	(8.14)	(8.15) = (8.13) + (8.14)
I. Ерекше туристік негізгі активтер							
1. Қонақ үйлер және мейрамханалар							
2.Туризм салаларында пайдалануға келетін тұрғын емес ғимараттар мен имараттар							
3. Туризм мақсатындағы жолаушылар көлігіне арналған жабдықтар							
4. Типтік туристік тауарларды өндіруге арналған басқа машиналар және жабдықтар	x	x	x	x	x	x	x
5. Туризм мақсаттарына пайдаланылатын жерлерді абаттандыру	x	x	x	x	x	x	x
II. Ерекше туристік емес өнімдердің басқа да өндірілген активтеріндегі туризм салаларының инвестициялары							
(I + II) Барлығы							
Меморандум тармағы:							
III. Өзге қаржылық емес активтер							

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 11-қосымша

9-кесте. Өнімдер және мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері бөлінісіндегі ұжымдық туристік тұтыну

мың теңге

Өнімдер	Мемлекеттік басқару органдарының деңгейлері			Ұжымдық туристік тұтыну (9.4) = (9.1) + (9.2) + (9.3)	Меморандум тармағы
	Ұлттық (9.1)	Өңірлік (9.2)	Жергілікті (9.3)		Туризм салалары бөлінісіндегі аралық тұтыну
Туризм саласындағы жарнамалық көрсетілетін қызметтер			x		x
Келушілерге арналған ақпараттық көрсетілетін қызметтер			x		x
Көтерме және бөлшек саудаға, қоғамдық тамақтандыру, қонақ үйлер және мейрамханаларға қатысты мемлекеттік әкімшілік көрсетілетін қызметтер			x		x
Туризм саласындағы істерге қатысты мемлекеттік әкімшілік көрсетілетін қызметтер			x		x
Барлығы			x		x

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Туризмнің қосалқы шотын қалыптастыру және туризм саласының негізгі көрсеткіштерін есептеу бойынша әдістемеге 12-қосымша

10-кесте. Ақшалай емес көрсеткіштер

Туризм түрлері және келушілер санаттары бойынша бөлінген сапарлар саны мен өткізілген түндердің саны

	Келу туризмі			Ішкі туризм			Шығу туризмі		
	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер	Туристтер	Экскурсанттар	Келушілер
Сапарлардың саны									
Өткізілген түндер саны		x			x			x	

Ескертпе: х – осы позиция толтыруға жатпайды.

Келу туризмі: Көлік түрлері бойынша бөлінісіндегі келу саны мен өткізілген түндер саны

	Келіп тоқтау саны	Өткізілген түндер саны
1. Әуе көлігі		
2. Су көлігі		
3. Жер көлігі		
3.1. темір жол көлігі		
3.2. қалааралық экскурсия және қала автобустары және жалпы пайдаланымдағы жолдардағы басқа көліктер		
3.3. көлік құралдарын жалға алу		
3.4. жеке көлік		
3.5. жер үсті көлігінің басқа түрлері		
Барлығы		

Орналастыру орындарының нысандары бөлінісіндегі орналастыру орындары бойынша мекемелер және мүмкіндіктер саны

	Келушілерді орналастыру			Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	
	Қысқа мерзімді орналастыруды ұйымдастыру бойынша қызмет	Кемпингке арналған алаңдар, туристік автофургондар мен трейлер-паркілер үшін тұрақтар	Орналастырудың басқа түрлері	Жеке немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар	Қызметке төлем негізінде немесе шарттық негізде жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар
Мекемелер саны					
Орналастыру орындары (нөмірлер саны)					
Орналастыру орындары (төсек-орын саны)					
Пайдалану мүмкіндіктері (нөмірлер саны)					
Пайдаланылған мүмкіндіктер (төсек-орын саны)					

Жұмыс орындарының орташа саны бойынша жіктелетін туризм салаларындағы мекемелер саны

Туризм салалары	<=5	6-10	11-20	21-30	31-40	41-50	51-100	101-150	151-200	201-250	251-500	501-1000	>1000	Барлығы
1.Келушілерді орналастыру														
2.Қоғамдық тамақтандыру														
3.Жолаушылардың теміржол көлігі														
4.Жолаушылардың жол көлігі														
5.Жолаушылардың су көлігі														
6.Жолаушылардың әуе көлігі														
7.Көлік жабдығын жалға беру														
8.Туристік агенттіктер және брондаумен айналысатын басқа да ұйымдардың қызметі														
9.Мәдениет саласында көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет														
10.Спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтермен байланысты қызмет														
11.Нақты елгн тән типтік туристік тауарлар үшін бөлшек сауда														
12. Нақты елге тән туризмдегі қызметтің басқа да типтік түрлері														
Барлығы														

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 10 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16879 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 12 сәуір №168 Астана қаласы

Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларын және Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту бағдарламаларын бекіту және «Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттерін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы №126 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 148-бабының 5-тармағына, 155-бабының 10-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту бағдарламалары бекітілсін.

2. «Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидаларын және Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 449 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11714 болып тіркелген, 2015 жылғы 31 шілдедегі «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. «Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 126 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10638 болып тіркелген, 2017 жылғы 18 мамырдағы «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларында:

15-тармақ мына редакцияда жазылсын:

«15. «Жыныстық ауруларға медициналық тексеріп-қарау және зертханалық зерттеудің нәтижесі» деген 6-бөлімге жеке медициналық кітапша иесін зертханалық зерттеу нәтижелері және медициналық тексеріп-қарауды жүргізген мемлекеттік (жеке) медициналық ұйымның тиісті дәрігерінің немесе Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы заңнамасында көрсетілген тәртіпте және шарттарда жеке медициналық практикамен айналысатын жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіліп, оның қолымен және мөрімен бекітілетін қорытындысы енгізіледі.»;

мынадай мазмұндағы 15-1-тармақпен толықтырылсын:

«15-1. Жеке медициналық кітапшаның «Профилактикалық екпелер туралы мәліметтер» деген 7-бөліміне жеке медициналық кітапша иесіне жүргізілген екпелері туралы мәліметтер енгізіледі.»;

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерді эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі Е.БІРТАНОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
___________________Т. Сүлейменов
2018 жылғы 2 мамыр

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 12 сәуірдегі №168 бұйрығына 1-қосымша

Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 148-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленген және халықтың декреттелген топтарына гигиеналық оқытуды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылған:

1) декреттелген адамдарды гигиеналық оқыту – халықтың декреттелген топтарын инфекциялық аурулардың профилактикасына, объектілерді күтіп ұстауға, пайдалануға және орналастыруға қойылатын гигиеналық және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, білім алушылардың кәсіптеріне сәйкес жеке және қоғамдық гигиенаны сақтауға оқыту;

2) декреттелген адамдар емтиханы – айналасындағы адамдарға инфекциялық және паразиттік аурулар жұқтыру үшін қауіп төндіретін халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің білімінің және біліктілігінің сәйкестік деңгейін айқындау;

3) жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық қарап-тексерудің нәтижелері енгізілетін жеке құжат;

4) халықтың декреттелген тобы – халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін және айналасындағы адамдарға инфекциялық және паразиттік аурулар жұқтыру үшін барынша жоғары қауіп төндіретін адамдар (бұдан әрі – декреттелген адамдар);

5) эпидемиялық маңызы бар объектілер – Қазақстан Республикасының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптары бұзылған кезде өндіретін өнімі және (немесе) қызметі халық арасында тамақтан уланудың және (немесе) инфекциялық, паразиттік аурулардың пайда болуына әкеп соғуы және (немесе) өнеркәсіптік және радиоактивті ластанудан халық денсаулығына зиян келтіруі мүмкін объектілер.

2-тарау. Халықтың декреттелген топтарына гигиеналық оқытуды жүргізу тәртібі

3. Декреттелген адамдар жұмысқа тұру кезінде бастапқы және одан әрі жылына бір рет кезеңділікпен гигиеналық оқытылуға жатады.

4. Декреттелген адамдарды гигиеналық оқыту бойынша оқыту өндірістен қол үзіп жүргізіледі.

5. Декреттелген адамдарды гигиеналық оқыту бойынша қызметті «гигиена және эпидемиология» мамандығы бойынша медициналық білімі бар жеке тұлғалар немесе заңды тұлғалардың өкілдері жүзеге асырады.

6. Жеке немесе заңды тұлғалар гигиеналық оқыту бойынша қызметі басталғанға дейін «Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10194 болып тіркелген) сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерін хабардар етеді.

7. Гигиеналық оқытуға ақы төлеуді декреттелген адамдар өз бетінше не тараптардың келісімі бойынша жұмыс беруші жүзеге асырады.

8. Декреттелген адамдарды гигиеналық оқыту Кодекстің 148-бабының 5-тармағына сәйкес халықтың декреттелген топтарын гигиеналық оқыту бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

9. Гигиеналық оқыту бағдарламасы:

1) білім алушылардың кәсіптеріне байланысты сағат саны 12-ден 18-ге дейін теориялық оқытуды;

2) 2 сағат көлемінде емтиханды қамтиды.

10. Оқыту бағдарламалары декреттелген адамдардың кәсіптеріне сәйкес келеді. Әртүрлі декреттелген топтарды гигиеналық оқытуды біріктіруге жол берілмейді.

11. Гигиеналық оқытуды жүргізуге арналған оқу үй-жайлары көп функционалды ғимараттар немесе өзге мақсаттағы ғимараттар құрамындағы жеке үй-жайларда орналастырылады.

12. Гигиеналық оқытудан өткеннен кейін гигиеналық оқытуды жүргізетін жеке және заңды тұлғалар бекітетін тестілік сұрақтар түрінде емтихан өткізіледі.

13. Тестілеу нәтижесі дұрыс жауаптар 80%-дан артқан жағдайда оң деп саналады. Емтихан нәтижелері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес гигиеналық оқытудан өткен декреттелген адамдарды есепке алу журналына енгізіледі.

14. Оң нәтиже болғанда нысаны «Жеке медициналық кітапшаларды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 126 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10638 болып тіркелген) бекітілген жеке медициналық кітапшаның 12-бөліміне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке медициналық кітапшаға гигиеналық оқыту нәтижелерін енгізу үшін мөртабан түрінде белгі қойылады.

15. Қанағаттанарлықсыз баға алған жағдайда білімін қайта тексеруді бір айдан кешіктірмей белгілейді.

16. Жеке немесе заңды тұлғалар халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің сұрау салуы бойынша гигиеналық оқыту жөнінде ақпарат ұсынады.

Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды
гигиеналық оқыту қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Гигиеналық оқытудан өткен декреттелген адамдарды есепке алу журналы

р/с №	Қызметкердің Т.А.Ә. (болған жағдайда)	Жұмыс орны, тұрғылықты мекенжайы	Қызметтің, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің жүзеге асырылатын түрі көрсетіліп, лауазымы	Оқытуды жүргізу кезеңі	Емтихан өткізу күні	Емтихан нәтижесі	Қайта тапсырған жағдайда кезекті емтиханның күні	Қызметкердің қолы

Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды
гигиеналық оқыту қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Жеке медициналық кітапшаға гигиеналық оқыту нәтижелерін енгізу үшін мөртабан

Ұйымның атауы, байланыс деректері (орналасқан жері, телефоны)
____
бағдарламасы бойынша гигиеналық оқытудан өтті және емтихан тапсырды
20___ жылғы «___»__________________

Гигиенист-эпидемиолог ________
(Т.А.Ә. (болған жағдайда), қолы)

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 12 сәуір №168 бұйрығына 2-қосымша

Халықтың декреттелген тобындағы адамдарды гигиеналық оқыту бағдарламалары

№	Тақырып атаулары	Сағат саны
1	2	3
1. Тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, өткізу, кәдеге жарату және жою процесінде олармен жанасатын қызметкерлер, оның ішінде мүкәммалды, жабдықтарды санитариялық өңдеу және жөндеу, сондай-ақ оларды көліктердің барлық түрлерінде тасымалдау кезіндегі қызметкерлерге арналған гигиеналық оқыту бағдарламасы		

(Соңы 21-бетте)

(Соңы. Басы 20-бетте)

1.1.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың негіздері. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін қызметкерлердің жауапкершілігі. Тиімді тамақтану туралы ұғым. Тамақ өнімдерін мемлекеттік гигиеналық тіркеу және регламенттеу туралы ұғым. Тамақ өнімдерін сертификаттау туралы ұғым. Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын гигиеналық талаптар. Тамақ өнімін байыту (фортификациялау) ұғымы. Тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру, сондай-ақ олардың адамдағы тапшылыққа негізделген аурулардың алдын алу мақсатында тамақ өнімін өндіру және қайта өңдеу процесінде оған витаминдерді, минералдарды және басқа да заттарды енгізу.	3
1.2.	Инфекциялық аурулар туралы ұғым. Ауру тудыратын микробтар және олардың адам организміне ену жолдары. Іріңді аурулар. Ішек және ішек құрт ауруларын қоздырушылар, оларды жұқтыру жолдары. Бактерия тасымалдаушылық. Бактериялық және бактериялық емес тамақтан уланулар. Ішек инфекциялық ауруларының және тамақтан уланулардың профилактика шаралары. Профилактикалық медициналық қарап-тексерулер. Жеке гигиена қағидалары. Қызметкерлерді міндетті медициналық қарап-тексеру.	3
1.3.	Қоғамдық тамақтану объектілерінің құрылғысына және күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Сауда жабдықтарын, мүкәммалды, ыдыстарды санитариялық өңдеу режимі. Қоғамдық тамақтану объектілеріндегі сыни нүктелер. Өндірістік бақылау. Дезинфекция, дезинсекция, дератизация ұғымдары. Кальян тарту, оның адам денсаулығына ықтимал қаупі туралы ұғым.	3
1.4.	Азық-түлік саудасы кәсіпорындарының құрылғысына және күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Тамақ өнімдерін қабылдау, сақтау, өткізу және тасымалдау тәртібі. Тамақ өнімдерінің сапасын және қауіпсіздігін растайтын құжаттардың тізбесі. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдері және сақтау мерзімдері туралы ұғым. Тамақ өнімдерінің сапасыздығының негізгі белгілері. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау және өткізу шарттары. Тамақ өнімдерін таңбалауға қойылатын талаптар. Қаптамалау материалдары.	3
1.5.	Емтихан	2
1.6.	Қорытынды:	14
2. Білім беру объектілеріндегі қызметкерлерге (жалпы орта білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарының мұғалімдері; балалар мен жасөспірімдер тұратын білім және тәрбие беру объектілерінің барлық түрлерінің бастауыш сыныптарының мұғалімдері, тәрбиешілері мен тәрбиеші көмекшілері; техникалық персонал); балалар сауықтыру (жыл бойы, маусымдық) ұйымдарындағы және шипажай объектілеріндегі қызметкерлерге; әр түрлі және үлгідегі мектепке дейінгі ұйымдарындағы, балалар үйлеріндегі қызметкерлерге арналған гигиеналық оқыту бағдарламасы		
2.1.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың негіздері. Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін қызметкерлердің жауапкершілігі. Мектепке дейінгі балалар ұйымдары мен балалар үйлерін, сауықтыру лагерьлерін күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Аумақты, топтық алаңдарды, құмсалғыштарды, спорт жабдықтарын күтіп-ұстауға қойылатын талаптар, топтық оқшаулау қағидаттары. Топтардың толтырылуы. Температуралық режимді, үй-жайлар мен рекреацияларды желдету тәртібін сақтау. Ағымдағы және күрделі тазалау; желдету ережелері; жинау мүкәммалына, жуу және дезинфекциялау құралдарына қойылатын талаптар. Төсек орынды ауыстыру, оны сақтау, кір жуу орындарына жеткізу, таңбалау. Түбектерді жуу, дәретханаларды тазалау ережелері. Топтардағы ыдыстарға күтім жасау, оны таңбалау, шүберекті жуу, сақтау, өңдеу ережелері. Ойыншықтарға күтім жасау. Дезқұралдарды және жуу ерітінділерін дайындау. Ауызсу тәртібіне қойылатын талаптар.	3
2.2.	Жалпы білім беру ұйымдарының, барлық түрдегі балалар мен жасөспірімдер тұратын білім және тәрбие беру объектілерінің үй-жайларын күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Оқушылар мен тәрбиеленушілердің бойы мен жасына сәйкес отырғызуға, заттарды саралауға, жиһазбен қамтамасыз етуге қойылатын талаптар. Температуралық режимді, үй-жайларды және демалатын орындарды желдету тәртібін сақтау. Ауызсу тәртібін ұйымдастыру. Сыныптардың толықтығына қойылатын талаптар. Тұрып оқитын білім беру объектілерінің барлық түрінде төсекті ауыстыру, оқушылар мен тәрбиеленушілердің жеке гигиенаны сақтауы.	3
2.3.	Ас блогы аумағын және үй-жайларын, асүй мүкәммалын, ыдыстарын күтіп ұстауға қойылатын талаптар. Өндірістік және қосалқы үй-жайларды ағымдық және күрделі тазалау, дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар. Жабдықтарға, мүкәммалдарға, асхана мен асүй ыдыстарына қойылатын талаптар. Асхана және асүй ыдыстарын жуу тәртібі. Жуу және дезинфекциялау құралдарына қойылатын талаптар, оларды пайдалану ережелері. Азық-түлік шикізатын аспаздық өңдеуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Шикі және дайын өнімді өңдеу. Салаттарды дайындау технологиясы. Дайын тағамдардың витаминдерін сақтау және С-витаминдеу қағидалары. Қызметтік құжаттаманы жүргізу. Тамақтану гигиенасы. Тиімді тамақтануды ұйымдастыру. Балалар ұжымдарында тамақтан уланудың профилактикасы. Тамақты үлестіру, дайын тағамдарды өткізу.	3
2.4.	Балалар мекемесіндегі инфекциялық және паразиттік аурулар. Тұмаумен және жіті респираторлық аурулармен сырқаттанушылықтың эпидемиялық өсуі кезеңінде жүргізілетін эпидемияға қарсы іс-шаралар. Оқушылар мен тәрбиеленушілер арасында инфекциялық сырқаттанушылық кезінде эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу. Эпидемияға қарсы іс-шаралар. Ағымдағы және күрделі тазалау; жинау мүкәммалына, жуу және дезинфекциялау құралдарына қойылатын талаптар. Өндірістік бақылау. Персоналдың жеке гигиенасы. Қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексерулері	3
2.5.	Емтихан	2
2.6.	Қорытынды:	14
3. Денсаулық сақтау және медициналық-әлеуметтік оңалту (мейірбике көмекшілері; кір жуатын бөлмелердің қызметкерлері; тағам өнімдерімен жанасатын қызметкерлер) қызметкерлеріне арналған гигиеналық оқыту бағдарламасы		
3.1.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың негіздері. Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін қызметкерлердің жауапкершілігі. Хирургиялық бейіндегі бөлімшелерді; дермато-косметологиялық, пластикалық және эстетикалық хирургия объектілерін; перинаталды орталықтарды, акушерлік стационарларды; қан қызметі объектілерін; инфекциялық ауруханалар мен бөлімшелерді; туберкулезге қарсы ұйымдарды; физиокабинеттерді; орталықтандырылған стерилизациялау бөлімшелерін; стоматологиялық емханаларды (кабинеттерді); паллиативтік көмек және мейірбике күтімін көрсету жөніндегі денсаулық сақтау объектілерін; гемодиализ бөлімшелерін, патологоанатомиялық ұйымдарды күтіп-ұстауға қойылатын талаптар; Өндірістік бақылау.	3
3.2.	Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар. Ауруханаішілік инфекциялардың алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүргізу. Персоналдың қолын өңдеу ережелері. Тері және сілемейлі қабықтар қанмен немесе басқа да биологиялық сұйықтықтармен ластанған кезде, сондай-ақ укол немесе кесіп кету кезіндегі профилактикалық іс-шаралар. АИТВ* – инфекциясының профилактикасы. «ЖИТС-ке** қарсы» авариялық дәрі қобдишасының құрамы. Денсаулық сақтау объектілері персоналының еңбек шарттарына және тұрмыстық қызмет көрсетілуіне қойылатын талаптар. Қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексерулері	3
3.3.	Денсаулық сақтау объектілерінде қалдықтарды жинауға, залалсыздандыруға, сақтауға қойылатын талаптар. Медициналық қалдықтардың сыныптамасы. Медициналық қалдықтарды залалсыздандыру және/немесе зарарсыздандыру тәсілдері мен әдістері. Радиоактивті медициналық қалдықтармен жұмыс істеу	3
3.4.	Денсаулық сақтау объектілерінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыруға, жүргізуге қойылатын талаптар. Медициналық мақсаттағы бұйымдарды стерильдеуді және дезинфекциялауды жүргізу жағдайларына қойылатын талаптар. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар. Қорытынды дезинфекция. Температуралық режимді, үй-жайларды желдету режимін, ағымдағы және күрделі тазалауды жүргізуге, жинау мүкәммалына, жуу және дезинфекциялау құралдарына қойылатын талаптарды сақтау. Төсек орынды ауыстыру. Инфекция жұққан киім-кешекті жуу.	3
3.5.	Денсаулық сақтау объектілерінде тамақтану жағдайларына қойылатын талаптар. Жабдыққа, мүкәммалға, асхана және асүй ыдыстарына қойылатын талаптар. Асхана және асүй ыдыстарын жуу тәртібі. Азық-түлік шикізатын аспаздық өңдеуге қойылатын талаптар. Шикі және дайын өнімді өңдеу. Дайын тамақты үлестіру. Денсаулық сақтау объектілерінде тамақтан уланудың профилактикасы.	3
3.6.	Емтихан	2
3.7.	Қорытынды.	17
4. Жолаушыларға қызмет көрсету саласындағы (жолаушылар поезының жолсеріктері, өзен, теңіз және әуе көліктерінің стюардтары) қызметкерлеріне арналған гигиеналық оқыту бағдарламасы		
4.1.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың негіздері. Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін қызметкерлердің жауапкершілігі. Жолаушылар поездарын, өзен, теңіз және әуе көліктерін күтіп-ұстауға және жабдықтауға қойылатын талаптар. Жолаушыларға қызмет көрсету объектілерін (теміржол вокзалдарын, аэровокзалдарды, әуежайларды, теңіз және өзен вокзалдарын, автовокзалдарды, метрополитендерді) күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Жабдықтау пункттерінің жұмысына қойылатын талаптар. Ауа-жылыту режимі. Қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексерулері.	3
4.2.	Жіті ішек инфекциялары, аса қауіпті және карантиндік инфекциялар, тағамдық уытты инфекциялар туралы ұғым, клиникасы және профилактика шаралары. Микроорганизмдер туралы ұғым және инфекциялық аурулардың пайда болуындағы олардың рөлі. Ішек инфекцияларының, гельминтоздардың, ауа-тамшы инфекцияларының, венерологиялық аурулардың, ЖИТС**, гемоконтактілі инфекциялардың, карантиндік және аса қауіпті инфекциялардың профилактикасы. Инфекциялық аурулармен, аса қауіпті инфекциялармен және тағамдық уытты инфекциялармен ауыратын науқастар анықталған кездегі эпидемияға қарсы іс-шаралар. Жазатайым жағдайлар кезінде зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету.	3
4.3.	Тамақ өнімдерін сақтауға және тез бұзылатын өнімдерді өткізу мерзімдеріне қойылатын талаптар. Тамақ өнімдерін тасымалдау. Дезинфекциялық, дератизациялық және дезинсекциялық іс-шаралар. Өндірістік бақылау. Жеке және қоғамдық гигиена.	3
4.4.	Емтихан	2
4.5.	Қорытынды:	14
5. Ауыз суды дайындаумен, су құбыры желілеріне қызмет көрсетумен тікелей байланысты су құбыры құрылыстарындағы қызметкерлерді гигиеналық оқыту бағдарламасы		
5.1.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың негіздері. Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін қызметкерлердің жауапкершілігі. Адам өміріндегі судың маңызы. Судың эпидемиологиялық маңызы. Сумен жабдықтау көздері, олардың гигиеналық сипаттамасы. Су арқылы берілетін инфекциялық аурулардың профилактикасы. Өндірістік бақылау. Қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексерулері. Жеке гигиена қағидалары, еңбек жағдайлары.	3
5.2.	Жерасты көздерінен алынған орталықтандырылған сумен жабдықтау және олардың құрылғысына қойылатын талаптар. Жерүсті су көздерінен алынған орталықтандырылған сумен жабдықтау ерекшеліктері және олардың құрылғыларына қойылатын талаптар (жерүсті су бөгеттері бар қалалар үшін).	3
5.3.	Су құбыры желісіне қойылатын талаптар. Су құбыры құрылыстары мен желілерін дезинфекциялау. Сумен жабдықтау көздерін және шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау су құбырларын санитариялық қорғау аймақтары. Санитариялық қорғау аймақтары аумағындағы санитариялық-гигиеналық режим.	3
5.4.	Орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйелеріндегі судың сапасына қойылатын гигиеналық талаптар. Сапаны бақылау. Сумен жабдықтау орталықтандырылмаған кезде судың сапасына қойылатын талаптар. Көздерді санитариялық қорғау. Құдықты (каптажды) тазарту, дезинфекциялау әдістері.	3
5.5.	Емтихан	2
5.6.	Қорытынды:	14
6. Тұрмыстық қызмет көрсету саласындағы (моншалар, хауыздар, бассейндер, спорттық-сауықтыру ұйымдары, шаштараздар, косметологиялық салондар, кір жуатын орындар, химиялық тазарту орындары, қонақүйлер, хостелдер) қызметкерлерін гигиеналық оқыту бағдарламасы		
6.1.	Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнаманың негіздері. Кодекстің 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық қағидалардың және гигиеналық нормативтердің талаптарын сақтамағаны үшін қызметкерлердің жауапкершілігі. Ауа-тамшы, ішек, паразиттік, жұқпалы тері инфекциялары мен трансмиссивті жолмен (қан арқылы) берілетін инфекциялар, аса қауіпті инфекциялар. Парентералді вирусты гепатиттердің профилактикасы. Дезинсекция, дератизация, терминдері мен анықтамалары, химиялық дезинфекцияны жүргізу үшін қолданылатын жаңа құралдар. Қызметкерлердің міндетті медициналық қарап-тексерулері, жеке гигиена қағидалары, еңбек жағдайлары. Өндірістік бақылау.	3
6.2.	Шаштараздарды, сұлулық салондарын және косметологиялық кабинеттерді орналастыруға, жабдықтауға, жарақтандыруға, күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Жұмыс құрал-саймандарын, жұмыс үстелдерінің үстін дезинфекциялау әдістері. Тері, шаш, тырнақ аурулары. Жұқпалы тері және паразиттік аурулар және шаштараздарда олардың таралуының алдын алу шаралары.	
6.3.	Моншалардың гигиеналық маңызы. Монша мен сауналардың құрылғысына, жабдықтауға, пайдалануға және күтіп-ұстауға қойылатын талаптар. Жұқпалы инфекциялық аурулар. Моншада олардың таралуының алдын алу шаралары.	3
6.4.	Тұрғын үй-жайларды және қонақ үйлер мен хостелдердің ортақ пайдаланылатын үй-жайларын күтіп-ұстау бойынша талаптар. Қонақ үйлердің төсек орын шаруашылығына қойылатын талаптар. Аса қауіпті инфекциялар анықталған жағдайдағы персоналдың әрекеті. Қонақ үйлерде, хостелдерде қолданылатын дезинфекция әдістері.	3
6.5.	Кір жуу орындары мен химиялық тазалау орындарының (өндірістік үй-жайлар, тұрмыстық үй-жайлар, үй-жайларды ішкі әрлеу, санитариялық-техникалық жабдықтау) құрылғысына және жабдықтауға қойылатын талаптар. Кір жуу орындары мен химиялық тазалау орындарын пайдалануға қойылатын талаптар. Дезинфекция, оның әдістері. Кір жуу орындарында қолданылатын дезинфекциялау әдістері.	3
6.6.	Жүзу бассейіндерін пайдалану режимдеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар. Бассейін суларын зарарсыздандыру әдістері. Үй-жайлар мен ванналарды тазалауға және дезинфекциялауға қойылатын талаптар. Жүзу бассейіндерінің су сапасына қойылатын талаптар.	3
6.7.	Емтихан	2
6.8.	Қорытынды:	20

* АИТВ – адамның иммун тапшылығы вирусы

** ЖИТС – жұқтырылған иммун тапшылығы синдромы.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 25 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16929 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 13 сәуір №462 Астана қаласы

«Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы № 511 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10007 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 қаңтарда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларында:

41-тармақтың бесінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

164 ерекшелік бойынша есептеуді ұсынған кезде «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларын бекіту және «Болашақ» халықаралық стипендиясын жұмсау бағыттарын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысына сәйкес шетелдік жоғары оқу орындары (әлемнің ғылыми орталықтары мен зертханалары) мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысына сәйкес шетелде кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру халықаралық бағдарламаларын іске асыру жөніндегі қызметтерді, оның ішінде «Болашақ» халықаралық стипендиясын беруші болып анықталған заңды тұлға арасында жасалған шарттардың көшірмелері ұсынылады.»;

49-тармақтың үшінші бөлігін мынадай редакцияда жазылсын:

«Есепті жасау кезінде Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13483 болып тіркелген, «Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 10 ақпандағы № 59, бұйрығына сәйкес кеңсе жиһазын сатып алуға арналған норматив және тозу нормалары қолданылады.».

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бюджет заңнамасы департаменті (З.А. Ерназарова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі Б.СҰЛТАНОВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16832 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 28 сәуір №154 Астана қаласы

Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексі 144-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі қағидалары бекітілсін.

2. «Мұнайды есепке алу ақпараттық жүйесін қалыптасуы және жұмыс істеу қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 18 наурыздағы №211 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10828 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 19 мамырда жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Цифрландыру және мемлекеттік қызметтер департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
_______________ Д.Абаев
2018 жылғы 14 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
_______________ Б. Сұлтанов
2018 жылғы 10 мамыр

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_______________ Т. Сүлейменов
2018 жылғы 4 мамыр

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2018 жылғы 28 сәуірдегі №154 бұйрығымен бекітілген

Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және шикі мұнайды және газ конденсатын есепке алудың ақпараттық жүйесін қалыптастыру және оның жұмыс істеуі (бұдан әрі – Жүйе) тәртібін айқындайды.

2. Жүйе белгіленген тәртіппен қабылданған Кодекстің 144-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес тұтынушыға беруге дайындалған айналымдағы шикі мұнайдың және газ конденсатының саны туралы деректерді тәулік сайын автоматтандырылған жинауға, өңдеуге, сақтауға және пайдалануға арналған.

3. Осы Қағидаларда қолданылатын ұғымдар Кодексте айқындалған мағыналарды білдіреді.

2-тарау. Жүйені қалыптастыру қағидалары

4. Шикі мұнай және газ конденсаты айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын субъектілер (бұдан әрі – Субъектілер) аудит өткізіп, интеграциялауға дайындығын бағалау үшін Жүйе операторына өздерінде бар Кодекстің 144-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес тұтынушыға беруге дайындалған айналымдағы шикі мұнайдың және газ конденсатының саны туралы деректерді есепке алу жүйелеріне (бұдан әрі – Субъектілердің жүйелері) қолжетімділік береді.

Жүйе операторын Кодекстің 144-бабының 2-тармағына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) айқындайды.

5. Жүйені қалыптастыру және өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жөніндегі іс-шараларды өткізу үшін уәкілетті орган құрамына уәкілетті органның, Жүйе операторының және өзге де мүдделі тұлғалардың өкілдері кіретін жұмыс тобын құрады.

6. Жұмыс тобы өз бетімен немесе кеңесшілер және (немесе) сарапшылар ретінде өзге ұйымдарды тарту арқылы:

1) Субъектілердің қолда бар жүйелеріне талдау жасау графигін әзірлейді;

2) Субъектілердің қолда бар жүйелеріне талдау жасайды;

3) Субъектілердің жүйелерін интеграциялау және Жүйені қалыптастыру алгоритмін жасайды;

4) Жүйеге интеграциялау мақсаттары үшін әрбір Субъектіге жүйелерді жетілдіру бойынша ұсынымдар жасайды;

5) Субъектілердің жүйелерін Жүйеге интеграциялау графигін әзірлейді;

6) жүйелері тәжірибелік пайдалану кезеңінде Жүйеге интеграцияланатын Субъектілер тізбесін айқындайды.

7. Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізгенге дейін жұмыс тобы мынадай іс-шараларды өткізеді:

1) Жүйенің және субъектілердің интеграцияланған жүйелерінің ақпараттық өзара іс-қимылын сынаудан өткізу;

2) тәжірибелік пайдалану нәтижесіне талдау жасап, қажеттілік болса –ақпараттық өзара іс-қимыл шеңберінде әзірленген сервистерді пысықтау;

3) қосылатын сервистегі ақпараттық сұрау салу қарқынын бағалау, жүктемелік тестілеу;

4) Жүйені алдын ала сынақтан өткізу.

8. Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізу «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 40-бабының 1-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізгеннен кейін Жүйе операторы тәжірибелік пайдалану кезеңінде интеграцияланбаған Субъектілердің жүйелерін интеграциялауды жүзеге асырады.

10. Жүйені өнеркәсіптік пайдалануға енгізгеннен кейін Субъектілер өздерінің жүйелерінің Жүйемен ақпараттық өзара іс-қимылының жұмыс істеуі шарттарының тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

3-тарау. Жүйенің жұмыс істеуі қағидалары

11. Жүйеге жаңа ақпаратты қосу және (немесе) Жүйедегі ақпаратқа өзгерістер енгізу Жүйенің дерекқорына жаңа ақпараттық жазбалар жасау жолымен жүзеге асырылады.

12. Ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде Кодекстің 144-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес тұтынушыға беруге дайындалған айналымдағы шикі мұнайдың және газ конденсатының саны туралы деректер Жүйеге берілуге тиіс.

13. Мемлекеттік құпияға, коммерциялық құпияға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияға жататын ақпаратты қоспағанда, Жүйедегі ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді (бұдан әрі - жалпыға бірдей қолжетімді ақпарат) болып табылады.

14. Жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратты қалыптастыру және тарату, сондай-ақ таратылуы шектелген ақпарат бөлігінде уәкілетті органға статистикалық және талдамалық баяндамаларды дайындау мақсатында, Жүйе операторы Жүйедегі ақпаратты өңдеуді және талдауды жүзеге асырады.

15. Жүйе операторы Субъектілерге өздері берген ақпаратқа және Жүйенің бағдарламалық-техникалық құралдарын қолдану арқылы Жүйедегі жалпыға бірдей қолжетімді ақпаратқа қолжетімділік ұсынады.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16960 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 5 мамыр №164 Астана қаласы

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 146-бабының 4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесі бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Мұнай операцияларын жүргізу кезінде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 21 қазандағы №64 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9915 болып тіркелген, 2014 жылғы 12 желтоқсанда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Мұнай операцияларын жүргізген кезде ілеспе және (немесе) табиғи газды жағудың нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 64 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 27 маусымдағы № 274 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13982 болып тіркелген, 2016 жылғы 9 тамызда «Әділет» ақпараттық - құқықтық жүйесінде жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау қорына енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр Қ.БОЗЫМБАЕВ

Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің
2018 жылғы 5 мамырдағы №164 бұйрығымен бекітілген

Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 146-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізген кезде:

1) ұңғыма объектілерін сынау кезінде;

2) кен орнын сынамалап пайдалану кезінде;

3)шикі газды технологиялық еріксіз жағу кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеуге арналған.

2. Үлес салмағына қарамастан, жер қойнауынан қалыпты атмосфералық температурада және қысым кезінде газ тектес күйде алынатын кез келген көмірсутектер, оның ішінде тазартылмаған табиғи, ілеспе, қатпарлы газ, көмір қабаттарындағы метан, сондай-ақ олардың құрамындағы көмірсутексіз газдар шикі газ деп танылады.

Мұнайдың құрамында қатталған жағдайларда еріген күйде кездесетін және қысым төмендеген кезде одан бөлініп шығатын көмірсутектердің және көмірсутекті емес газдардың көп құрауышты қоспасы ілеспе газ деп танылады.

Шикі газды дайындау және (немесе) қайта өңдеу (сепарациялау, тұрақтандыру, тазалау, құрғату, фракциялау, сұйыту, суыту және т.б.) бойынша технологиялық процестердің барлық сатыларында алынған газдар көмірсутектері мен көмірсутекті емес газдардың көпқұрамбөлікті қоспасы деп танылады.

2-тарау. Көмірсутекті өндіру, шикі газды кәдеге жарату және жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу

3. Жер қойнауын пайдаланушы көмірсутекті өндіру, шикі газды кәдеге жарату және жағу көлемдерін анықтауды жер қойнауын пайдаланушымен бекітілген өндірістік жоспарларды ескере отырып, жобалау құжаттарына және қолданылатын технологияға сәйкес бақылау-өлшеу аспаптары арқылы шикі газ көлемінің өлшемдерін есепке алу жүйесін қолдана отырып жүргізеді:

1) көмірсутекті өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау, дайындау және қайта өңдеу қондырғыларының (жүйелерінің) кіре берісінде және шыға берісінде;

2) газ турбиналы қондырғының, пештердің, қазандықтардың, газ поршенді қондырғылардың, шикі газды қабатқа қайта айдау компрессорлары және шикі газды пайдаланатын басқа да жабдықтардың кіре берісінде;

3) шикі газдың көлемін есепке алу тораптарында;

4) факел қондырғыларының кіре берісінде.

4. Шикі газды жағудың нақты көлемі Әдістемеге сәйкес есептелген нормативтік көлемдерден аспайды.

5. Өндірілген шикі газдың жалпы көлемі (V_{I}) мұнай, газ-мұнай, мұнай-газ, мұнай-газ конденсаты және газ конденсатты мұнайлы кен орындары/ұңғымалары үшін мынадай формула бойынша есептеледі:

$$V_{I} = Q_{м} \times Г_{ф}, \quad (1)$$

мұндағы:

V_{I} – өндірілген шикі газдың көлемі, м^3;

$Q_{м}$ – мұнайды жылдық, айлық немесе тәуліктік өндіру, т.;

$Г_{ф}$ – газ факторы (алынған шикі газ көлемінің шығарылған мұнай көлеміне қатынасы, м^3/т).

Өндірілген шикі газдың жалпы көлемі (V_{I}) газ және газ конденсатты кен орындары үшін ұңғыма дебиттерінің жүргізілген өлшемдері негізінде анықталады және шикі газдың жылдық, айлық немесе тәуліктік өндірісі ретінде көрсетіледі, м^3.

6. Жағылатын шикі газдың есептік көлемі (V_{II}) өндірілген шикі газдың жалпы көлемі мен пайдаланылатын/кәдеге жаратылатын шикі газдың көлемі, оның ішінде қайта өңделетін шикі газдың көлемі арасындағы айырма ретінде мынадай формуламен анықталады:

$$V_{II} = V_{I} - (V_1 + V_2 + V_3 + V_4 + V_5), \quad (2)$$

мұндағы:

V_{II} – жағылатын шикі газдың жалпы көлемі;

V_{I} – өндірілген шикі газдың жалпы көлемі;

($V_1 + V_2 + V_3 + V_4 + V_5$)- пайдаланылатын/кәдеге жаратылатын шикі газдың көлемі, м^3, оның ішінде:

V_1 – өз технологиялық қажеттіліктеріне пайдаланатын шикі газдың көлемі (сағалық жылытқыштарда, жылыту пештерінде, қазандық және өзге де газды тұтынатын жабдықтарда пайдаланылатын газдың көлемі). Технологиялық өз қажеттіліктеріне пайдаланылатын шикі газдың есептік көлемі технологиялық жабдықтың техникалық сипаттамасына және оны пайдалану ұзақтығына сүйене отырып анықталады, м^3;

V_2 – технологиялық ысыраптарға (шикі газды өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау, дайындау және қайта өңдеу технологиялық процестері кезіндегі ысыраптар) арналған шикі газдың көлемі қолданылатын технологиялық жабдықтың техникалық сипаттамаларымен, паспорттарымен және жобалық құжаттамасымен анықталады, м^3;

V_3 – электр энергиясын өндіру үшін пайдаланылатын шикі газдың көлемі қолданылатын қондырғының паспорттарына және техникалық сипаттамаларына сәйкес электр энергия бірлігіне шығарылған электр энергия мөлшеріне және меншікті газ шығынына сүйене отырып анықталады, м^3;

V_4 – қабатқа қайта айдауға арналған шикі газдың көлемі, жабдықтың техникалық сипаттамаларын, паспорттарын және пайдалану ұзақтығын негізге ала отырып анықталады, м^3;

V_5 – газ өңдеу қондырғысында немесе газ өңдеу зауытында газды өңдеуге пайдаланылатын шикі газдың көлемі өткізілген тауарлық және сұйытылған газдардың көлемдерін және қайта өңдеу, магистральдық газ құбырына дейін тасымалдау кезіндегі технологиялық ысыраптарды негізге ала отырып анықталады, м^3.

3-тарау. Ұңғыма объектілерін сынау кезінде шикі газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу

7. Ұңғыманың әрбір объектісін сынау кезінде шикі газды жағу нормативтері (V_{III}) жер қойнауын пайдаланушы бекіткен ұңғыманы сынау жоспарына сәйкес анықталады.

8. Мұнай, газ-мұнай, мұнай-газ, мұнай мен газ конденсатты және газ конденсатты мұнайлы ұңғымаларды сынау кезінде шикі газды жағу көлемдерінің нормативтерін есептеу (V_{III}) мына формула бойынша жүргізіледі:

$$V_{III} = Д \times Г_{ф} \times T, \quad (3)$$

мұндағы:

V_{III} – ұңғыма объектілерін сынау кезінде шикі газды жағу көлемі, м^3;

Д – ұңғымалардың дебиті (бір тәулік ішінде өндірілген мұнайдың көлемі), т/тәул.;

$Г_{ф}$ – газ факторы (алынған шикі газ көлемінің өндірілген мұнай мөлшеріне қатынасы), м^3/т;

Т – ұңғыма объектілерін сынау күндерінің саны.

Газ және газ конденсатты ұңғымаларды сынау кезінде шикі газды жағу көлемдерін есептеу (V_{III}) мына формула бойынша жүргізіледі

$$V_{III} = Д \times T, \quad (4)$$

мұндағы:

V_{III} – ұңғыма объектілерін сынау кезінде шикі газды жағу көлемі, м^3;

Д – ұңғымалардың дебиті (бір тәулік ішінде өндірілген шикі газдың көлемі), т/тәул.;

Т – ұңғыма объектілерін сынау күндерінің саны.

9. Ұңғыма объектілерін сынау кезінде шикі газды жағудың нақты көлемі ұңғыма объектілерін сынау кезінде шикі газды жағудың нормативтік көлемінен аспайды (V_{III}).

4-тарау. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу

10. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде газ жағу нормативтерін (V_{IV}) есептеу әрбір қолданыстағы ұңғыма бойынша шикі газды жағу нормативтерінің сомасын және көлемдерінің сомасын негізге ала отырып, мынадай формула арқылы жүргізіледі:

$$V_{IV} = Q_{сын.пайдалану}, \quad (5)$$

мұндағы:

V_{IV} – кен орнын сынамалап пайдалану кезінде шикі газды жағу нормативі мен көлемі, м^3;

$Q_{сын.пайдалану}$ – кен орнын сынамалап пайдалану кезінде шикі газды жағудың жиынтық нормативі мен жиынтық көлемі, м^3.

$$Q_{сын.пайдалану.} = Q_1 + Q_2 + Q_3 + \dots Q_n, \quad (6)$$

мұндағы:

$Q_{1, 2, 3,\dots n}$ – кен орнын сынамалап пайдалану кезінде бір қолданыстағы ұңғыманың шикі газды жағу нормативі мен көлемі, м^3;

$_{1, 2, 3,\dots n}$ – қолданыстағы ұңғымалар.

11. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде мұнай, газ-мұнай, мұнай-газ, мұнай мен газ конденсатты және газ конденсатты мұнайлы ұңғымаларында шикі газды жағу нормативі мен көлемі мынадай формула бойынша анықталады:

$$Q_{1, 2, 3,\dots n} = Д \times Г_{ф} \times T, \quad (7)$$

мұндағы:

$Q_{1, 2, 3,\dots n}$ – кен орнын сынамалап пайдалану кезінде бір қолданыстағы ұңғыманың шикі газды жағу нормативі мен көлемі, м^3

$_{1, 2, 3,\dots n}$ – қолданыстағы ұңғымалар.

Д – ұңғымалардың дебиті (бір тәулік ішінде өндірілген мұнай көлемі, т/тәул.);

$Г_{ф}$ – газ факторы (алынған шикі газ көлемінің өндірілген мұнай мөлшеріне қатынасы), м^3/т;

Т – сынамалап пайдалану кезеңі (күн саны).

Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде әрбір қолданыстағы газды және газ конденсатты ұңғыма бойынша шикі газды жағу нормативі мен көлемі мынадай формуламен анықталады:

$$Q_{1, 2, 3,\dots n} = Д \times T, \quad (8)$$

мұндағы:

$Q_{1, 2, 3,\dots n}$ – кен орнын сынамалап пайдалану кезінде бір әрекеттегі ұңғыманың шикі газды жағу нормативі мен көлемі, м^3;

$_{1, 2, 3,\dots n}$ – қолданыстағы ұңғымалар.

Д – ұңғымалардың дебиті (бір тәулік ішінде өндірілген шикі газдың көлемі), т/тәул.;

Т – сынамалап пайдалану кезеңі (күн саны).

12. Кен орнын сынамалап пайдалану кезінде шикі газды жағудың нақты көлемі кен орнын сынамалап пайдалану кезінде шикі газды жағудың нормативтік көлемінен аспайды (V_{IV})

5-тарау. Шикі газды технологиялық еріксіз жағу кезінде газды жағу нормативтері мен көлемдерін есептеу

13. Көмірсутекті өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау, дайындау және қайта өңдеу жүйелерінің объектілерінде шикі газды технологиялық еріксіз жағудың (V_{v}) болуы шикі газды жағудың есептік нормативтері мен көлемдерін белгілеу үшін олардың санын бағалау қажеттілігіне негізделеді.

14. Шикі газды технологиялық еріксіз жағу нормативі мен көлемі әрбір кен орны үшін жеке болып табылады және технологиялық жабдықпен газ құбырының әр түрлі бағыттағы нақты технологиялық және геометриялық параметріне, жер қойнауын пайдаланушылармен көмірсутектерді өндірудің, жинаудың, сақтаудың, тасымалдаудың, дайындаудың және қайта өңдеудің, шикі газды жағудың технологиялық процестерінің барлық кезеңдерінде қолданалатын технологиялық жабдықтың техникалық сипаттамалары, паспорттары және жобалық құжаттамасы негізінде жабдықты технологиялық пайдалану режиміне байланысты болады.

15. Шикі газды технологиялық еріксіз жағу нормативі мен көлемін есептеуді орындау үшін жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді өндіру, жинау, сақтау, тасымалдау, дайындау және қайта өңдеу жүйелеріне талдау жүргізуі тиіс, жер қойнауын пайдаланушы көмірсутектерді өндірудің, жинаудың, сақтаудың, тасымалдаудың, дайындаудың және қайта өңдеудің, шикі газды жағудың технологиялық процестерінің барлық кезеңдерінде қолданатын технологиялық жабдықты пайдаланудың нақты параметрлерін айқындауы тиіс.

16. Шикі газды технологиялық еріксіз жағу нормативі мен көлемі (V_{v}) мынадай формула бойынша анықталады:

$$V_{v} = V_6 + V_7 + V_8 + V_9, \quad (9)$$

мұндағы:

V_{v} – шикі газды технологиялық еріксіз жағу нормативі мен көлемі, м^3;

V_6 – технологиялық жабдықты іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу кезінде шикі газды жағу нормативі мен көлемі технологиялық жабдықтың техникалық сипаттамасы, паспорттары, жобалық құжаттамасы және іске қосу-баптау жұмыстарының жоспар-графигі негізінде анықталады, м^3;

V_7 – технологиялық жабдықты пайдалану кезінде шикі газды жағу нормативі мен көлемі технологиялық жабдықты пайдалану режимі жөніндегі техникалық құжаттамамен, техникалық сипаттамаларымен, паспорттарымен және жобалық құжаттамасымен анықталады, м^3;

V_8 – технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде шикі газды жағу нормативі мен көлемі технологиялық жабдықты пайдалану жөніндегі техникалық құжаттамамен және техникалық қызмет көрсету, ағымды, қалпына келтіру (орта) және күрделі жөндеу туралы жоспар-графикпен анықталады, м^3;

V_9 – технологиялық жабдық жұмысындағы технологиялық іркілістер, істен шығулар мен ауытқулар кезінде жағылатын шикі газдың көлемі м^3.

17. Технологиялық жабдық, газ құбырының жеке учаскесі үшін ($Q_{н.е.ж.}$) шикі газды есепті нормативтік жағу саны мына формуламен есептеледі:

$$Q_{н.е.ж.} = V_{г.к} \times K, \quad (10)$$

мұндағы:

$Q_{н.е.ж.}$ – газ құбырының және технологиялық жабдықтың жекелеген учаскесі үшін шикі газды нормативтік есептік жағу саны, шикі газды технологиялық еріксіз жағудың әр түріне жеке есептеледі (V_6, V_7, V_8, V_9, м^3).

$V_{г.к}$ – технологиялық жабдықтың, газ құбырының жеке учаскелерінің геометриялық көлемі, м^3;

К – газ көлемінің Р – газ қысымнан, $T_{орт}$ – орташа температурасынан, Z – сығылғыштық коэффициентінен тәуелділігін ескеретін жинақтаушы коэффициент (бұл көрсеткіштер газдың химиялық-физикалық құрамын негізге ала отырып, кен орындарын өңдеу, пайдалану туралы анықтама әдебиетінен алынады) және мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K = (P / T_{орт}) \times Z, \quad (11)$$

18. Іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізген кезде (V_6) шикі газды жағу көлемін есептегенде технологиялық жабдықты тұрақты жұмыс режиміне енгізгенге дейін іске қосу-баптау жұмыстарын жүргізу үшін белгіленген кезең есепке алынады.

19. Технологиялық жабдықты пайдалану кезінде шикі газды жағу көлемі (V_7) технологиялық жабдықтың жер қойнауын пайдаланушы қолданатын технологияға сәйкес жұмыс істеуі кезінде шикі газды еріксіз жағуды қамтиды.

20. Технологиялық жабдыққа техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары кезінде шикі газды жағу көлемі (V_8) техникалық құжаттама, техникалық қызмет көрсету, алдын ала жоспарлы, ағымды, қалпына келтіру (орташа) және күрделі жөндеулердің жоспар-графиктерінде көзделген газ құбырларын және технологиялық жабдықты босату және үрлеу кезінде шикі газды еріксіз жағуды қамтиды.

21. Технологиялық жабдық жұмысындағы технологиялық іркілістер (V_9, бұдан әрі - технологиялық іркілістер) істен шығулар мен ауытқулар, соның ішінде, мыналар:

жабдықтың және басқару жүйесінің бұзылуы

шикізат және қамтамасыз ету құралдарын (су, ауа, отын газы, бу және электр энергиясы) жеткізудің тоқтатылуы

жұмыс параметрлерінің (қысым, деңгей, температура, шығын, тазару дәрежесі) асып кетуі (төмендеуі),

жұмыс ортасының азаюы,

газ және өрт хабарлағыштың ескертулері,

тасымалдау компаиясымен өнімдерді қабылдауда жоспарланған шектеулер кезінде (V_9) шикі газды жағу көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$V_9 = V_{I} \times (X_1 + X_2), \quad (12)$$

мұндағы:

V_9 –технологиялық іркілістер кезінде шикі газды жағу көлемі, м^3;

V_{I} – Әдістеменің 5-тармағына сәйкес есептелген, өндірілген шикі газдың көлемі, м^3;

$X_1 = 1 \times 10^{-4}$ – жер үстінде шикі газды өндіру, дайындау және (немесе) қайта өңдеу объектілері үшін технологиялық жабдықтарды пайдалану кезіндегі технологиялық іркілістер коэффициенті, **

$X_1 = 0{,}5 \times 10^{-2}$ – теңізде өндіру объектілері үшін және теңізде өндіру объектілерімен байланысы бар жер үстінде шикі газды өндіру, дайындау және (немесе) өңдеу объектілері үшін технологиялық жабдықтарды пайдалану кезіндегі технологиялық іркілістер коэффициенті, **

$X_2 = 2 \times 10^{-2}$ – іске қосу-баптау жұмыстары кезеңіндегі технологиялық іркілістер коэффициенті,

X_2 коэффициенті – шикі газды, мұнайды, конденсатты өңдеуді жүзеге асыратын кешендер үшін іске қосу-баптау жұмыстары кезеңінде қолданылады.

*Ескертпе:

Тасымалдау компаниясымен өнімді қабылдауда жоспарланған шектеулер болған кезде шикі газды жағу нормативі мен көлемі тасымалдау компаниясымен берілген алдын ала жоспарлы жұмыстар графигі және тасымалдау компаниясымен өнімді қабылдаудағы нақты шектеулер жөніндегі статистикалық деректер жиынтығы негізінде қалыптастырылады.

**Ескертпе:

Жер қойнауын пайдаланушы өндірістік процесс сипаттамаларына сәйкес технологиялық іркілістер коэффициенттерінің мәндерін азайта алады.

Технологиялық іркілістер кезінде әрбір жанып тұрған факел қондырғысында газды үздіксіз жағуға рұқсат етіледі:

жер үстінде шикі газды өндіру, дайындау және (немесе) өңдеу объектілері үшін үздіксіз 24 сағаттан аспауы тиіс

теңізде өндіру объектілері үшін және теңізде өндіру объектілерімен байланысы бар жер үстінде шикі газды өндіру, дайындау және (немесе) қайта өңдеу объектілері үшін үздіксіз 48 сағаттан аспауы тиіс.

22. Авариялар технологиялық іркілістер болып табылмайды.

23. Технологиялық іркілістер кезінде шикі газды жағу нормативі мен көлемі пайдалануға жаңа берілетін объектілерді және іске қосу-баптау жұмыстары кезеңіндегі объектілерді қоспағанда, технологиялық іркілістер жөніндегі статистикалық деректер негізінде қалыптастырылады.

24. Шикі газды технологиялық еріксіз жағудың нақты көлемі шикі газды технологиялық еріксіз жағудың нормативтік көлемінен аспайды (V_{v}).

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 29 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16961 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 5 мамыр №165 Астана қаласы

Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасының нысанын бекіту туралы

«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 147-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасының нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Газ өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау қорына енгізу үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалғаны туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі Қ.БОЗЫМБАЕВ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2018 жылғы 5 мамырдағы №165 бұйрығымен бекітілген
Нысан

«БЕКІТЕМІН»
көмірсутектер саласындағы уәкілетті органның бірінші басшысы
____
(тегі, аты-жөні)
күні ___________________
қолы ___________________

Шикі газды қайта өңдеуді дамыту бағдарламасы*

1. Мазмұны.

2. Кіріспе.

3. Жалпы бөлім:

1) кен орны туралы жалпы мәліметтер: кен орны туралы қысқаша ақпарат, географиялық орналасуы, қолдағы бар инфрақұрылымы;

2) жобалауға негіздеме;

3) мұнай және газ қорлары (бағаланған және барланған);

4) мұнай және газ кен орнының физикалық, химиялық қасиеттері;

5) кен орындарын игерудің қазіргі жағдайы;

6) игерудің технологиялық жобалау көрсеткіштері;

7) газ факторы (жобалық, нақты және соңғы 5 жылдағы газ факторының өзгеру динамикасы);

8) бекітілген жобалық құжаттар шеңберіндегі мұнай және газ өндіруді болжау;

